

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ
ЕКІНШІ
РЕФЕРЕНДУМ



Конституциялық референдум өткізуге санаулы күн қалды. Ел тарихындағы елеулі өзгерістен қалыс қалмай, қатысу – әрбір азаматтың басты борышы. Себебі, бұл «Жаңа Қазақстанның» бастауы, еліміздің ертеңіне ықпал ететін маңызды сәт.

1995 жылдан бергі 27 жыл бойы елімізде референдум өткізілмепті. Президенттің өзі «Конституциямыздың 33 бабына түзету енгізіледі. Менің мақсатым – халқыма мейлінше еркіндік беру, демократия мен заң үстемдігін күшейту. Президент ретінде ешқандай артықшылықтар мен жеңілдіктерге құмар емеспін. Мұндайды қаламаймын» деп, мемлекеттің ісін барлық өлшем бойынша халықтың өзі айқындайтын жүйе құру үшін осы сәттен бастап еркіндікті елдің өзіне беріп отыр.

(Соңы 5-бетте)



АЛҚАБИДІҢ
ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТІ

2-бет



БАҒДАРЛАМАЛАР
ТИІМДІЛІГІ
КҮМӨН ТУДЫРАДЫ

3-бет



Марғұлан ШЫНЫБАЕВ, заңгер:
«ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ –
ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ
БАСЫ»

8-бет

КЕҢЕСТІ ЖЕРДЕ
КЕМДІК ЖОҚ

Кеген ауданында 9 мың гектар суармалы жер бар. Бірақ, игеріліп жатқан суармалы жердің бар көлемі 300 гектар ғана. Ауданда ірі қара мал басы көбейген. Алайда, жайылымдық жерлер дұрыс пайдаланылмайды. Облыс әкімі Қанат Бозымбаевтың Кеген ауданы тұрғындарымен кездесуінде негізінен осы мәселелер көтерілгенін облыс әкімдігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Ауданда бүгінде 28 мың бас жылқы, 54 мың бас мүйізді ірі қара, 204 мың бас қой-ешкі бар. 1990 жылдармен салыстырғанда жылқы мен мүйізді ірі қара екі есеге өскен. Есесіне жайылым жерлеріне қатысты дау туындап, тұрғындар үшін басты проблемаға айналған. Аудан басшылығы бұл мәселені 14 мың гектар жайылымдық жері бар Саты жайлауына жол салу арқылы шешкісі келетіндерін облыс басшысына жеткізді. Кеңес заманында малшылар малдарын Саты жайлауына қырғыз жері арқылы айдаған. Отыз жылдан бері тау басындағы Саты жайлауына жол жабылған. Аудан басшылары осы жайлауға жету үшін облыс басшысынан ұзындығы 24 шақырымдай тау жолын салуға көмектесуін сұрады. Қанат Бозымбаев бұл ұсынысқа қолдау білдіріп, тиісті жоба мен қаржылық смета жасауды тапсырды.

Аудан орталығы Кеген ауылында «Нұрлы жер» бағдарламасымен 36 жалгерлік тұрғын үй салынған. Биыл 490 млн теңгеге 20 жалға берілетін үйдің құрылысы басталмақ. Ал аудан бойынша тұрғын үй алу кезегінде 503 адам тұр. Кеген ауданының әкімі Талғат Байеділов тұрғындардың баспанаға сұранысын қанағаттандыру үшін салынатын тұрғын үйлердің санын көбейтуге облыс басшысынан көмек сұрады. Құрылыс қарқынын күшейту керек деген облыс әкімі Қанат Бозымбаев ауданда құрылыс материалдарын, оның ішінде кірпіш шығаратын зауыттың жоқтығына назар аударды.

1987 жылы салынып, содан бері күрделі жөндеу көрмеген 640 орындық К. Нұрпейісұлы атындағы орта мектептің жағдайымен танысқан облыс әкімі жөндеу жұмыстарына қажетті 977, 5 млн теңгенің



бөлінгенін айтты. Түстен кейін аудандық мәдениет үйінде тұрғындармен кездесу өткізген облыс әкімі баяндамасында пайдасыз жатқан 9 мың гектар суармалы жердің суару жүйесін жаңартуға биыл республикалық бюджеттен 1 млрд теңге бөлінгенін, жалпы осы бағыттағы жұмысқа 5 млрд теңге жұмсалатынын баяндады.

(Соңы 3-бетте)

24 МАУСЫМ – СУДЬЯ ЖӘНЕ
СОТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КҮНІ

КЕҢСЕ
ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ –
САЛАНЫҢ ТІРЕГІ

Тәуелсіздік – тәңірдің ұрпаққа берген бақыты, халқымыздың мәңгілік құндылығы. Тәуелсіз елмен бірге жасасып, бірге қалыптасып, бірге түлеген сот жүйесі бүгінде материалдық-техникалық жақтан толық қамтамасыз етілген, рухани жақтан жан-жақты қолдау тапқан мықты құрылымға айналды. Сот жүйесінің ескі қағидалармен өмір сүрмей, жаңаша тыныстауына бар мүмкіндік жасалды. Осы орайда Ұлт Жоспарының қадамын, тәуелсіз сот жүйесін қалыптастыру мен жетілдіру бағытында қолға алынған игі бастамалардың орындалуы жайында Қарағанды облысы, Шет аудандық сотының кеңсе меңгерушісі Жағыпарова Сәуле ҚАНАТҚЫЗЫ айтып берген еді.

(Соңы 4-бетте)

БЕЗБЕН

АЛҚАБИДІҢ
ҚҰҚЫҒЫ МЕН МІНДЕТІ

Сот жүйесін реформалауда он нәтиже берген іс-шаралар баршылық. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі және судьяларының мәртебесі туралы» конституциялық заң қабылданды. Сот жүйесі толықтай атқару органдардың ықпалынан босатылды. Сот қызметіне «Бірінғай автоматтан-дырылған ақпараттық талдау жүйесі» енгізілді. Судьялардың беделін көтеріп, тәуелсіздігін нығайтуға ерекше назар аударылды. Сот жүйесін жетілдіруде сот ісін ұйымдастыруда халықаралық стандарттарды қамтамасыз ететін нормалар көрсетілген Құқықтық саясат тұжырымдамасы қабылданды. Республика аумағында мамандандырылған соттар құрылды. Тағы бір ерекше даралайтын өзгеріс – аса ауыр қылмыстық істерді қарауға, оның ішінде қылмыстық істерді алқабилердің қатысуымен қарауға мамандандырылған соттардың құрылуы.

Заң үстемдігін қамтамасыз етуге қатысты ұсынылған қадамдарда алқабилер сотының қолданысын кеңейте түсу жайы да сөз болды. Ұлт жоспарындағы 21-қадам бойынша алқабилер соты қолданылатын салаларды кеңейту, сондай-ақ, алқабилер соты міндетті түрде қатыстырылатын қылмыстық істер категориясының анықталуы қажеттігі көрсетілді. Алқабилер сотын енгізу – азаматтардың құқық қорғау ісіне қатысуын, сот төрелігінде әділ үкім шығаруға атсалысуын көздейді. Алқабилер соты тұрақты қолданылып жүрген сот мекемесі емес, өзінің өмірлік тәжірибесі және ішкі адал сезімі негізінде айыпталушының кінәлі немесе кінәсіздігі туралы мәселені айқындайтын, оны шешу үшін сотқа уақытша шақырылатын соттың ерекше нысандағы институты. Түптеп келгенде, алқабилер сотының қызметін қолдану біздің еліміз үшін таңсық дүние болмауы керек. Олай дейтініміз, алқабилер институтының сот жүйесінде кең қолданысқа ие болуы – қазақ елінің салт-дәстүрі, ғұрыптық ережелер жолымен құқықтық жүйені енгізген билер сотының жалғасын тауып, бүгінде қайта жаңғырып, заман талабына сай, уақыт көшіне қайта ілесуін көрсететіндей. Бұрын әр істі байыптап шеше білген би-шешендерге деген халық сенімі қандай жоғары болса, бүгінгі алқабилер соты да халықтың тура төрелікке деген сенімін арттыра түсетін аса ірі демократиялық өзгеріс болмақ.

Алқабидің өз құқығы, міндеті және істі қарауға байланысты оған



қойылатын шектеулер бар. Сот отырысындағы жалпыға ортақ талапқа бағынумен бірге, алқабилер істі тыңдау кезінде сот құрамына кірмейтін адамдармен төрағалық етушінің рұқсатынсыз іс бойынша сөйлесуге; істі қарау барысында мәліметтерді сот отырысынан тыс жинауға; жабық сот отырысына қатысуына байланысты өзіне белгілі болған мән-жайлар туралы мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ, кеңесу бөлмесінің құпиясын бұзуға құқылы емес. Алқабидің өз міндетін дұрыс атқармауы, осы бапта көзделген шектеулерді сақтамауы Қазақстан заңында белгіленген жауаптылықта, төрағалық етушінің алқабиді істі қарауға одан әрі қатысудан шеттету мүмкіндігіне әкеп соғады.

Алқабилер соты қолданысының кенеюі қылмыстық іс жүргізудің жалпы жағдайлары мен негізгі принциптерін сақтап отырып, мынадай мүмкіндіктерге жол ашады:

1) тараптардың өз мүдделерін қорғауына себепкер болып, олардың алқабилер соты мен кәсіби судьялар алдында өз көзқарасын ашық білдіруіне мүмкіндік бере отырып, сот ісін жүргізуде жіберілетін қателіктердің жойылып, істің әділ шешім табуына ықпал етеді;

2) алқабилер мен процеске қатысушылардың араласуымен іске қатысты кез келген дәйектер зерттеліп, сот залындағы зерттеу нысаны болған деректер негізінде қорытынды жасалады;

3) алқабилердің сот отырысына қатысуы тараптардың құқығын қорғай отырып, қарама-қарсы тарапқа қолайлы болар шешімнің шығуына, іске

қатыстылардың даулы әрекеттерінің онтайлы шешім табуына әсер етеді;

4) алқабилердің қатысуы қылмыстық іс жүргізу нысанының қатаң сақталуына жағдай жасайды, яғни, алқабилер құрамындағы кәсіби судья емес мүшелер жауапкердің кінәлі не кінәлі еместігін істің барлық мазмұнын қарау нәтижесінде байыптай отырып, шешім шығару жүйесін қылмыстық іс жүргізу заңнамасына сәйкес реттейді. Ал кәсіби судьялар алқабилер сотына дейін істің мән-жайымен таныс болғандықтан, оларда қаралатын мәселе төңірегінде өз пікірі қалыптасып қояды;

5) алқабилердің қатысуымен сот төрелігін жүргізу арқылы халықтың сот жүйесімен танысуына мүмкіндік туады.

Осылайша, алқабилер сотының сот жүйесіндегі қолданысының кенеюі ұлттық қылмыстық іс жүргізу құрылымының гуманистік тұрғыда өзгеруіне, демократиялануына, сондай-ақ, заң жүйесінің нығаюы мен бәсекеге қабілетті болуына әсер етеді.

Бүгінде алқабилер сотына азаматтарды таңдаудың онтайлы жолы қарастырылып келеді. Бұл институт қызметінің бірізге түсіп, кең қолданысқа ие болуының мәнісі өте зор. Алқабилер сотының қолданылу аясының кенеюі әділетті сот жүйесінің биік деңгейге көтерілуіне өз септігін тигізері де сөзсіз.

Торқалы БЕКТҰРСЫНОВ,
Ақмола облысының
қылмыстық істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының төрағасы

КӨКЖИЕК

ЗАМАНАУИ ТЕХНОЛОГИЯ
ЖЕМІСІ

Қызылорда қалалық соты күнделікті сот процесінде ақпараттық технологияларды тиімді қолданып келеді. Жұмыстың жедел, оңтайлы атқарылуына «Сот кабинеті» электронды сервисі оң ықпалын тигізуде.

Сот құрылымында қолға алынған заманауи технология – ең алдымен халыққа сот жүйесінің қолжетімділігі мен ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында енгізіліп отыр. «Сот кабинеті» сервисі азаматтар мен уәкілетті органдарға артық әуре-сарсаңсыз қызмет ұсынуға бағытталған. Осы сервис арқылы сотқа электронды түрде талап-арыз, шағым, өтініш беруге, тіпті, мемлекеттік баж салығын да онлайн режимде төлеуге, сот құжаттары мен жалпы сот ісіне қатысты барлық құжатты қадағалап отыруға болады.

Қалалық сотқа жыл басынан бері 5142 өтініш онлайн түскен, шығыс құжаты – 7 995. Байқағанымыздай шығыс құжаты көп. Себебі, жауапкер немесе талапкерлер «Сот кабинеті» арқылы пікір, қарсы талап арыз, сот процесінің хаттамасына ескертулер, атқару парағын жолдау туралы өтініш, атқару парағының телнұсқасын, сот актілерінің көшірмесін беру туралы арыз және осы секілді басқа да өтініштерді бере алатынын білмейді. Ал сервистің тиімділігі – үйден шықпай-ақ өз ісіңізге қатысты барлық құжатпен таныса аласыз. Бұл уақытты тиімді пайдалануға сеп.

Халықтың сотқа деген сенімін одан әрі арттыру үшін осы бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табатын болады.

Нұргүл РАЙКУЛОВА,
Қызылорда қалалық сотының бас маманы,
сот отырысының хатшысы

ЛЕБІЗ

КҮНТІЗБЕДЕГІ
МЕРЕЙЛІ КҮН

Қазақстан күнтізбесі тағы да бір мейраммен толықтырылды. Үкімет қаулысына сәйкес, 24 маусым – судья мен сот мамандарының кәсіби мейрамы болып бекітілді. Биліктің үшінші тармағы – сот саласына арнайы бір күннің берілуі қуантарлық жағдай.



Райгүль ИМАНГАЛИЕВА,
Орал қалалық №2 сотының
бас маманы

темелерді жүргізу, сот істері мен материалдары бойынша статистикалық есепті әзірлеу, сот кеңсесіне істерді уақытылы өткізуді және апелляциялық шағымдармен бірге істерді жоғары тұрған сотқа жіберуді бақылауды жүзеге асыру, жоғары тұрған соттардың істерді жіберу жөніндегі сұрауларын уақытылы орындау және істердің қайтарылуын бақылау да кіреді. Бұдан бөлек, сот шешімін орындау жөніндегі құжаттарды дайындау, жіберу және олардың орындалуы туралы хабар алуды бақылау, аяқталған істерді, журналдар мен карточкаларды дайындау және мұрағатқа өткізу, БАҚ-пен өзара байланыс жұмыстары сияқты лауазымдық қызметтерді де талапқа сай жүзеге асыру сот мамандарының құзырында. Ең бастысы, өзіне жүктелген міндеттерді атқарған мамандар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресіп, мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексінің талаптарын да мүлтіксіз сақтауы тиіс.

Орал қалалық №2 сотында Г.Беккалиева, Г.Давлетова, Н.Қурманғалиева, С.Муканбетова сынды бас мамандар 10-15 жыл бойы бір сотта табан аудармай жұмыс істеп келеді. Лауазымдық қызметтен бөлек, олар мемлекеттік қызметші әдеби жоғары ұстанып, жас мамандарға тәжірибесімен бөлісіп, сот абыройын көтеруге үздіксіз үлес қосып келеді. Саланың тірегі – сот мамандары.

БАҒДАР

ЖЕДЕЛДІК, АШЫҚТЫҚ,
САПА – БАСТЫ ОРЫНДА

Электрондық мемлекеттік қызметтер әрқашан ыңғайлы, қолжетімді, жылдам, сапалы, сенімді және ашық болған. Мемлекеттік қызмет көрсету бойынша бизнес-процестер үнемі жаңартылып отырады. Бұл өз кезегінде халыққа қызметті қысқа мерзімде, сапалы алуға мүмкіндік береді.

Мысалы, заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін мемлекеттік тіркеу желісі бойынша бірқатар бизнес-процесс жетілдірілген. 2021 жылдың қазан айынан бастап «электрондық үкімет» веб-порталында (ЭҰП) заңды тұлғаның (филиал мен өкілдіктің) басшысын өзгерту жөніндегі бизнес-процесс іске қосылды. Бұл процесс заңды тұлғаларға тіркеуші органның қатысуынсыз бизнес-сәйкестендіру нөмірінің ұлттық тізілімінде заңды тұлғаның басшысы туралы мәліметтерді дербес өзгертуге мүмкіндік береді. Осылайша, заңды тұлғалардың жұмыс уақыты үнемделді, өйткені белгілі бір құжаттарды жинаудың қажеті жоқ, тіркеуші органға жүгіну реті алынып тасталды. Жеке кәсіпкерлік субъектісіне жатпайтын заңды тұлға, сондай-ақ, акционерлік қоғам, олардың филиалдары мен өкілдіктері жарғысының (ережесінің) телнұсқасын беру жөніндегі бизнес-процесс тек ЭҰП арқылы жүзеге асырылады. Бұрын аталған мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі үш жұмыс күнін құраған еді. Қазіргі уақытта бұл мерзім бір жұмыс күніне дейін қысқартылды. Осы бизнес-процестің негізгі артықшылығы – Жарғыны (Ережені) жоғалтқан жағдайда, заңды тұлғалардың кеңседен шықпай-ақ телнұсқа беру бойынша мемлекеттік қызметке «бір шерту» арқылы тапсырыс беру мүмкіндігі бар және бір жұмыс күні ішінде жарғының телнұсқасы электрондық форматта жіберіледі.

Әділет органдары мемлекеттік қызметтердің сапасын арттыру және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету бойынша жұмысты алдағы уақытта да жалғастыра береді.

Г. АБСАМАТОВА,
Ақмола облысы Әділет департаментінің тіркеу қызметі
саласындағы әдістемелік қамтамасыз ету және
бақылау бөлімінің жетекші маманы

МЕЖЕ

СОТТЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ –
ЗАҢДЫ ҚҰРМЕТТЕМЕУ

Сот – мемлекет атынан төрелік етіп, үкім шығаратын биік құзырға ие орган. Соттың шығарған шешімдерінің, үкімдері мен қаулыларының міндетті күші бар, ол мемлекет аумағында күмәнсіз орындалуы тиіс.

Адам тағдыры шешілетін сот алаңындағы тәртіпті сақтау баршаға міндет. Сот ғимаратына кіруден бастап, қауіпсіздікті сақтау, сот залында міндеттелген қағидаларды қатаң басшылыққа алу барша қатысушылардан талап етіледі. Сот мәжілісіне кіретін азаматтардың жеке басын анықтап, күмәнді заттарды алып өтпеуіне тосқауыл қою сот төрелігі өз деңгейінде өтіп, қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін керек.

Сонымен бірге, сот процесіне қатысушылардан сот отырысына дер кезінде қатысу, тәртіпті сақтау, шындықты айту, сөзі мен әрекетіне жауаптылықпен қарап, айналасына құрмет көрсету талап етіледі. Кейде дәл осы талаптарды белден басып, өзінің құқықтық мәдениетінің кемдігін көрсететіндер де қоғамда аз емес.

Әрине, сот – дау алаңы. Ол жерде өз құқығын қорғап, өз сөзінің дұрыстығын дәлелдеу үшін тараптардың ашуға берілетіні, қызбалық танытағыны рас. Бірақ, төрелік алаңында ешкімнің сөзін бөлуге, сот залында

отырып айғайлауға, өзгелерді балағаттауға болмайды. Судьяның сот процесін жүргізуіне кедергі келтіретіндер жазасыз қалмайды.

Сотқа деген құрмет әрқашан маңызды. Оның ең алғашқысы сот отырысына уақытылы, кешікпей келуден басталады. Ал бізде сот шақыртуын, хабарламаны алып тұрып процеске келмейтіндер бар. Ақиқатты ашуда маңызды бар кез келген дәйек ортаға салынып, кез келген куәгердің пікірі назарда ұсталатындықтан, бір қатысушының келмеуі сот отырысының кейінгі шегерілуіне түрткі болады. Бүгінгідей уақыттың бағасы артқан заманда осындай бір жауапсыз адамның әрекетінен қаншама қатысушы зардап шегіп, уақытын текке кетіреді. Осы ретте азаматтар сотты құрметтемеу – заңды құрметтемеу екенін түсінгені дұрыс.

Сотты құрметтемеу жауаптылығы заңда айқындалған. «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі туралы» заңның 1-бабының 3-тармағына сәйкес, сотқа немесе судьяға құрметтемеушілік білдіру заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады. Сот отырысы барысында төрағалық етуші судьяның өкімдеріне бағынбаған, оны балағаттаған, рұқсатсыз орнында отырып сөйлеген, алкогольдік ішімдік ішкен күйде отырысқа

келген, сонымен қатар, сот отырысына дәлелді себептерсіз келмегендерге Азаматтық процесілік кодексе сәйкес жауаптылық белгіленеді. Кодекстің 188-бабының талаптарына сәйкес, процеске қатысушы тұлға тарапынан сот талқылауы барысында сотты құрметтемеу фактісі анықталған жағдайда сот кінәлі адамға 120-бапта белгіленген тәртіппен әкімшілік жаза қолданады. Ал енді сот шақыртуына себепсіз келмегендер және жалтарған тұлғалардың әрекеті де сотты құрметтемеу болып саналады. Мұнай әрекет Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 653-бабы 1, 2-бөліктерінің талабына сәйкес қаралып, құқық бұзушыға ескерту жасауға не 20 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады. Сондай-ақ, осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер (әрекетсіздік) – 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады.

Марат НҮРБЕКОВ,
Алатау аудандық сотының
судьясы
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ

ДЕПУТАТ МІНБЕРІ

2022 жылға бюджетті нақтылау жобасында әлеуметтік салаға бөлінген қаржы 581 миллиард теңгеге артып, 8,6 триллион теңгеге немесе республикалық бюджет шығыстарының 46 пайызына жетті.

Айгүл ҚАПБАРОВА,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

БАҒДАРЛАМАЛАР ТИІМДІЛІГІ КҮМӘН ТУДЫРАДЫ



Осы орайда әлеуметтік саланы қаржыландырудың бірқатар өзекті мәселелеріне тоқталуды жөн санаймыз. Заң жобасында инфляцияға байланысты зейнетақы мен жәрдемақы, әлеуметтік төлемдерді 4 пайызға қосымша индексациялау жоспарланған. Біздің ойымызша, бұлайша индекс-теу жеткіліксіз. Себебі, Ұлттық статистика бюросының мәліметінше өткен жылдың наурызынан бері азық-түлік 15 пайызға қымбаттады. Баға күн санап өсуде. Көріп отырғанымыздай, индекстелген сумма, әсіресе, әлеуметтік осал санаттар үшін негізгі тауарлар өсімінің шығынын өтеуге мүмкіндік бермейді. Бұл өз кезегінде, Үкіметтің халық табысының деңгейін арттыру бойынша ұсынып отырған шараларының тиімділігін төмендетеді. Бізге, зейнетақылар мен жәрдемақыларды есептеу әдістерін бүгінгі әлеуметтік жағдайға сай өзгертетін уақыт жетті.

Заң жобасындағы шығыстар құрылымын талдай келе, әлеуметтік саладағы бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің кейбір шығыстары жөнінде сұрақтар туындайды. Мәселен, Қазақстанда базалық дәрілер мен медициналық бұйымдарды өндіруді ұлғайту бойынша Президент тапсырмасы баяу жүруде. Отандық фармацевтиканы қолдау арқылы біз импортқа тәуелділікті біршама азайтар едік. Денсаулық сақтау министрлігі дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету шығындарын қосымша 48 млрд-тан астам теңгеге ұлғайтқан. Министрлікке тек валюта бағамы айырмашылығы үшін қосымша 20 млрд теңге бөлінуде. Қаражат негізінен импорттық дәрі-дәрмек сатып алуға жоспарланған.

Сондай-ақ, Ақпарат және қоғамдық даму, Мәдениет және спорт, Білім және ғылым министрліктері кеңселерді жалға алу, форумдар, салтанатты жиналыстар, тәуелсіз сарапшылардың іссапары, имидждік іс шаралар сияқты ағымдағы шығындарды шұғыл шараларға жатқызып, қаражат сұрап отыр. Өткен жылдың соңында бюджет бекітілгенде бұл шығындар нәліктен жоспарланбаған? Аталған министрліктер өз саласындағы шығындары бойынша тиімді бюджеттік жоспарлауды толық жүзеге асыра алмай отыр. Мәселен, Білім және ғылым министрлігінің тәуелсіз сарапшылардың іссапар шығындарын төлеуге жарты миллиард теңгеден астам қаражат жұмсауы қаншалықты қажет? Бұдан басқа автономды ұйымдардың нысаналы салымдары және Назарбаев университеті кадрлар даярлау бойынша 2022 жылға арналған республикалық бюджеттен шығыстарды 19,8 млрд теңге шамасында оңтайландыру ұсынылады. Өткен жылы біз 2022 жылға арналған республикалық бюджетті қабылдаған кезде министрлік өкілдері депутаттар корпусын бұл қаражатты бөлу аса қажет деп сендірді. Енді небәрі төрт айдан астам уақытта шешімдерін өзгерткен. Осы жерде, аталған шығыстар жоспарланғанда қаншалықты негізділік және тиімділік қағидаттарына сай болды деген сұрақ туындайды. Жалпы, бұл бағытқа бұған дейін де үлкен көлемде қаражаттар бағытталған болатын. Егер оларды жоспарлау мен игерудің сапасы бүгінгідей сын көтермейтін болса, тексеру жүргізу керек болар.

Қоғам тарапынан және Парламент қабырғасында ең көп сынға ұшырайтын мемлекеттік бағдарламалардың бірі – жұмыссыздықпен күреске бағытталған жобалар. Кәсіпкерлікті дамытып, жұмыссыздықпен күресті қуыейту мақсатында «Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасына 69 млрд 323 млн теңге көзделген. Биылдан бастап «Алғашқы жұмыс орны» мен «Күміс жас» жобасына қатысушыларға еңбекақыны 30 АЕК көлемінде мемлекет төлейді. Биыл министрлік субсидиялау шарттарын қатаңдатты. Алайда, субсидияланатын жұмыс орындарына жолдама беру жұмыссыздық мәселесін түпкілікті шешпеуде. Жұмыс берушіге субсидиялау мерзімі аяқталған соң жұмысшыны тұрақты жұмыспен қамтуы тиіс деген талап қойылған. Ал бұл талаптың орындалуына күмән көп. Ертең осы тұста еңбек дауы көбеймесіне кім кепіл деген сауалдар да жоқ емес.

Мемлекет басшысының балалардың спорттық және шығармашылық әлеуетін дамытуға ерекше назар аудару туралы тапсырмасын орындауға бағытталған мемлекеттік тапсырыс арқылы берілетін тегін үйірмелермен еліміздегі орта мектептерде оқитын 3,6 млн баланың тек 9,8 пайызы қамтылған. Егер мектепке дейінгі балаларды қоссақ, бұл көрсеткіш бұдан да төмен. Ауылдық жерлерде үйірмелер ашуды ұйымдастыру деңгейі сын көтермейді. Жергілікті әкімдіктер жеткілікті деңгейде қаражат бөлу мәселесін жолға қоймаған. Сондай-ақ, Президенттің мемлекет бюджеті есебінен кәсіби спорт клубтарын толықтай қамтамасыз етудің қажеті жоқ деген тапсырмасының орындалуында да олқылықтар бар. Мысалы, облыстар үстеміздігі жылы спортты дамытуға жөне оны әкімшілендіруге арналған ақпараттық жүйе жұмысында, оларды мемлекеттік органдар жүйесімен интеграциялауда толық шешімін таппаған мәселелер бар. Осы ретте, Үкімет жергілікті атқарушы органдар тарапынан тегін үйірмелердің аясын кеңейту және мемлекеттік тапсырысты орналастырудың іске асыру механизмдерін пысықтап, жетілдіруі қажет.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

АЙМАҚ

КЕҢЕСТІ ЖЕРДЕ КЕМДІК ЖОҚ



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жаңарған суару жүйесі дәнді дақылдар көлемін ұлғайтуға, мал азығын көптеп дайындауға мүмкіндік бермек.

Облыс әкімі ауданда картоп өңдейтін кәсіпорындардың жоқтығын да атап өтті. Өңірде сыйымдылығы 1,6 мың тонналық екі сақтау орны ғана бар. Ал аудан бойынша 46 мың тонна картоп жиналады. Сақтайтын жердің жоқтығынан картоптың пайдасын өсірген адамдар емес, арзанға алып қымбатқа сатып жүрген алыпсатарлар ғана көріп жүр деді.

«Мал шаруашылығында 55 мыңнан астам ірі қара мал бар, оның ішінде 27 мың бас сиыр, яғни, ауданда орташа есеппен жылына 27 мың тонна сүт сауылады. Бірақ аймақта бірде-бір сүт өнімдерінің фермасы жоқ», – деді Қ.Бозымбаев.

Әкімнің айтуынша, биыл мамыр айында Жылысай, Ұзынбұлақ, Қарабұлақ, Жалаңаш ауылдық округтерінде жайылымды суару жұмыстарына республикалық бюджеттен 1,8 млрд теңге бөлінген. 90 құдық қазылып, су құбырлары жаңартылады. Облыс әкімі орынбасары Ә.Жақанбаевқа, ауыл шаруашылығы басқармасына аудан әкімімен бірлесіп, сүт-өнімдері фермалары мен қайта өңдеу өндірістерін, жылыжайлар мен көкөніс қоймаларын ашу үшін инвесторлар тарту жұмыстарын жандандыруды тапсырды.

Сұрақ-жауап кезегінде тұрғындар қыстың соңында мал шығыны көп болғанын, оған ешқандай өтемақы алмағандарын айтты. Аудан басшылары көктемдегі күн райының күрт өзгеруінен 266 бас ірі қара, 431 бас жылқы, 1900 бас қой шығыны болғанын растады. Облыс әкімі бұл жағдайды өзіне дер кезінде баяндамаған аудан басшыларына ескерту жасады. Сондай-ақ, арнайы комиссия құрып, расталған

шығынға өтемақы беру жолдарын қарастыруды тапсырды.

Тұрғындар ең көп қозғаған мәселе – жайылымдық жердің жетіспеуі, жер бөлінісінің дұрыс жүрмеуі. Бұл мәселені

«Мал шаруашылығында 55 мыңнан астам ірі қара бар, оның ішінде 27 мың бас сиыр, яғни, ауданда орташа есеппен жылына 27 мың тонна сүт сауылады. Бірақ аймақта бірде-бір сүт өнімдерінің фермасы жоқ», – деді Қ.Бозымбаев.

түбегейлі шешуге алдағы айда ауданға арнайы комиссия келіп, тексеру жүргізетін болды.

Сапалы ауыз суға қатысты сұрақ та көп қойылды. Жалпы, Кеген ауданында 34 елді мекеннің 31-і немесе 91 пайызы орталықтандырылған сумен қамтамасыз етілген. Су құбыры желілерінің жалпы ұзындығы 221 шақырымды құрайды, желілердің тозуы – 48 пайызға жеткен.

Биыл Ақтасты ауылындағы су құбыры желісін қайта жаңарту аяқталмақ. Шырғанақ ауылында су құбыры желілерін салу жобасы әзірленген. Құрылыс жұмыстарына қажетті 679 млн теңгеге республикалық бюджетке сұраныс берілген.

«Нүсіпбеков және Қарабұлақ ауылдарының сумен жабдықтау жүйелерін қайта жаңарту бойынша жобалық-сметалық құжаттама сараптаманың қарауында. 2020 жылдан бастап Бөлексая ауылында ауыз сумен жабдықтау жүйелеріне күрделі жөндеу жүргізілуде, аяқталу мерзімі – 2021 жылғы қазан айы болған. Өз міндеттемелерін орындамауына байланысты сот мердігер компанияға ағымдағы жылдың

30 маусымына дейін жұмысты аяқтауға міндеттеді. Бірақ жұмыс әлі де жүргізіліп жатқан жоқ» деген облыс әкімі аудандағы барлық жобалардың іске асырылуы өз бақылауында болатынын хабарлады. Жол азабын алға тартқан тұрғындар ауданаралық, ауылыштық жолдардың сапасыз салынып жатқанын, «ҚазАвто-Жол» мекемесіне қарасты жолдарды ауыл әкімдіктерінің қызметкерлері тазалап жүргендерін айтты.

Жалпы, Кеген ауданында жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың деңгейі 68 пайыз, облыс бойынша бұл көрсеткіш 89 пайыз. Биыл ауданның жалпы ұзындығы 73,5 шақырым көшелерін жөндеуге 2,8 млрд теңге бөлінген. «ҚазАвто-Жол» мекемесінің басшысы Е.Жасыбаев ауданға үш мәрте келіп, жол жағдайымен танысқанын, осыған дейін жолды сапасыз салған мердігерлермен келісімшарттарын үзгенін мәлімдеді. Жиында ауданда педагог, дәрігер тапшылығы, жас мамандарға жағдай жасау, жастарды кәсіби мамандыққа оқыту ісі де талқыланды. Сондай-ақ, мал терісі мен қой жүнін өткізу мәселесі де айтылды. Өз сөзінде облыс әкімі қай өңірге барса да елдің осы мәселені айтатынын, мал терісін, қой жүнін далаға тастамас үшін Монғолия мен Түркиядағы бауырлармен ақылдасып қолға алуды ойластырып жүргендерін айтты.

Таулы аймақтың қысы сегіз айға созылады деген тұрғындар ауданға газ қашан келетінін сұрады. Облыс әкімінің айтуынша, «Шелек-Кеген» магистралдық газ құбырын салуға жобалық-сметалық құжаттама қыр-

қүйек айында дайын болады. Газ құбырының ұзындығы – 229 шақырым.

«Келесі жылы республикалық бюджеттен қаражат сұралып, құрылыс жұмыстарын бастаймыз. Құбыр таулы жерден өтетіндіктен жұмысының қиындықты бар. Дегенмен, магистралдық газ құбырлары екі жыл ішінде салынып, Кеген және Райымбек аудандарына газ жеткізіледі», – деді Қ. Бозымбаев.

Бұдан басқа аудандағы өнеркәсіп көлемін арттыру, ұлттық спортқа қолдау білдіру, туризм саласын дамыту мәселелері де көтерілді.

Жиын соңында аудан ақсақалдары кездесуде халық көкейінде жүрген барлық проблеманың көтерілгенін, оларды шешуге қатысты тұщымды жауап естігендерін, енді нақты нәтиже шығару үшін бірлесіп жұмыс істеуге шақырды. Сондай-ақ, 5 маусымдағы референдумға Кеген ауданының халқы бір кісідей қатысатындарын, кемшілікті жасырмай айтып, халықпен санасатын Жана Қазақстан саясатын қолдайтындарын жеткізді.

Өз тілшіміз

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ

ЖАРЫЛЫС СЕБЕБІ АНЫҚТАЛУДА

Өрт 2022 жылдың 21 мамыры күні Еңбекші ауданы, Ғани Иляев көшесі, 142 мекенжайында орын алған. Осы жағдайға байланысты Шымкент қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің бастығы Мадияр Есенгелдіұлы шұғыл брифинг өткізді.

– Жарылыс салдарынан «Меж больничная 138 дәріхана» ЖШС-на тиесілі жеке тұрған 2 қабатты ғимаратта өрт шыққаны анықталды. Ғимараттың жалпы ауданы 360 шаршы метр. Қабырғалары кірпіштен қаланып, төбесі ағашпен жабылған. Сағат 12:06-да өрт ауыздықталды. Өрт аумағы шамамен 55 шаршы метрді құрады, – деді полковник.

Спикердің сөзінше жарылыс салдарынан 130 шаршы метр аумақта ғимараттың ішінара құлауы орын алған. Сондай-ақ, жақын маңдағы 5 қабатты тұрғын үйдің 5-қабатындағы пәтердің балконы мен терезелері және сол аумақтағы 7 жеңіл автокөлік зақымдалған.

Баспасөз жиынында спикер ТЖ жоюға 37 қызметкер мен 9 техника жұмылдырылғанын және жарылыстың себебі әлі анықталып, төтенше жағдайды жою жұмыстары жалғасып жатқанын жеткізді. Айта кетейік, өрттің шыққаны туралы 21 мамыр күні сағат 11:36-да «101» пультіне хабарлама түскен. Өрт сөндірушілер оқиға орнында ер адамның мәйітін тапқан. Оның жеке басы анықталуда дейді Шымкент қаласының Ақпараттық-коммуникациялық орталығы.



Ал, қалалық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Мұрат Алтаев және қалалық полиция департаменті тергеу басқармасының бастығы Дәулеткелді Әбдірамановтың қатысуымен өткен шұғыл брифингте қозғалған қылмыстық іс туралы толығырақ айтылды.

– Орын алған төтенше жағдай бойынша ҚР Қылмыстық кодексінің 292-і бабымен қылмыстық іс қозғалды. Бұл бапта 2 жылдан 7 жылға дейін бас бостандығынан айыру көрсетілген. Тергеу амалдары жүргізілуде. Сонымен қатар, жеке кәсіпкерге қатысты прокуратура тарапынан тергеу жүргізіміз және ол лицензиясынан айырылуы мүмкін, – деді спикер.

Сейітхан ЗЕБЕРХАНҰЛЫ
ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ

КЕҢСЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ – САЛАНЫҢ ТІРЕГІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– *Сәуле Қанатқызы, сот саласында ұзақ уақыттан бері еңбек етіп келесіз. Сот жүйесіне қалай келдіңіз?*

– Мен Нұр-Сұлтан (бұрынғы Целиноград) қаласында өмірге келдім, ата-анам Қанат Жағыпаров пен Өрік Төлегенова Шет ауданының тумалары. Ауданымызда қара шаңырақ Ы.Алтынсарин атындағы орта мектепті бітірген соң, Арқалық есептік экономикалық техникумында, бухгалтер мамандығын алдым. 1991 жылы 21 жасымда Шет аудандық халық сотында еңбек ете жүріп, Қарағанды қаржы институтында қаржы мамандығын, кейін «Болашақ» университетін «Құқықтану» мамандығы бойынша бітіріп диплом алдым. Міне, содан бері 30 жылдан астам уақыт сот саласында, сот отырысының хатшысы, бас маман-сот отырысының хатшысы, одан кейін Қарағанды облысы Соттар әкімшісі бұйрығымен Шет аудандық сотының кеңсе меңгерушісі лауазымына 2018 жылғы 24 қыркүйектен бастап тағайындалдым. Содан бері аудандық соттың кеңсе меңгерушісі болып қызмет етіп келемін.

– *Кеңсе қызметін сот жұмысының тылы деп жатамыз. Тылағы жаңашылдықтарды халық қалай қабылдап жатыр?*

– Шет аудандық сотында қызмет еткеніме 30 жылдан асты. Сот – ақ пен кара таразыланатын, ақиқат айтылатын, тура төрелік жасалатын орын. Сот төрелігін атқаруда сот кеңсесінің алатын орны ерекше. Ол сот табалдырығын аттаған азаматтарды ілтипатпен қабылдап, ізетпен қызмет көрсетуден басталады.

Осы салаға жаңа технологиялардың енгізілуі кеңсе жұмысын адам танымастай өзгертті. Айналымдағы әріптестерімді айтсам жасы да, үлкені де өз ісінің маманы. Уақытпен санаспай күн демей, түн демей жұмыстамыз. Әлемді дүрліктірген коронавирус індеті кезінде карантин шектеулеріне қарамастан қызметімізді тоқтатқан емеспіз. Себебі, адамдар сотқа үмітпен қарайды. Еліміздің сот жүйесінде осы саланың беделін арттырып, қарапайым халықтың үдесінен шығу мақсатында

қыруар жұмыстар атқарылғанына куәмін. Өз жұмысымды сүйемін.

Әрине, сот саласында едәуір қиындықтардың болғаны жасырын емес. Ескі ғимарат, құрал-жабдықтар талапқа сай болмаған кез де сот отырысының хаттамалары қолмен жазылатын, бір сотта бір машина, соттың барлық құжаттары сонымен басылатын, жеке кабинет деген болмайтын, бір кабинетте бірнеше маман жұмыс жасап отыратынбыз. Бір сот отырысына қатысу үшін қанша тарап жол жүріп келетін немесе апталап іссапарға шығатынбыз.

Қазір Аллаға шүкір жағдайымыз жақсарды. Заманауи талаптарға сай компьютермен және басқа да құралдармен жабдықталған, жұмыс жасауға толық мүмкіншілік жасалып отыр. Бұл орайда басшылық тарапынан қолдау жоғары. Жаңа технология бұл бағыттағы біраз жұмысты ілгерілетуге септігін тигізді. Соның ішінде, сот отырысы залдарының дыбыс-бейнежазба құрылғыларымен қамтамасыз етілуі сот хатшыларының жұмысын едәуір жеңілдетті, қағазбастылықтан арылтып. Судьяның таспаны тоқтатуға, редакциялауға мүмкіндігі жоқ. Бұл судьяларға қатысты негізсіз шағымдардың да жолын кесті. Таспаны кез келген уақытта алып, қайта көруге болатындықтан тараптардың құрылымға деген күмәні сейілді. Қазіргі кезде өзін-өзі толық ақтаған бейнеконференц байланыстың соңы онлайн сот отырысына ұласты.

Коронавирус инфекциясы өршіп тұрған кезде көптеген салалар қауіпсіздік үшін жұмысын тоқтатқаны



белгілі. Осы сындарлы сәтте еліміздің соттары қашықтан іс қарап, қызметтерін бір сәтте кешеуілдетпегеніне халық куә.

– *Ашық және қолжетімді сот қалыптастырамыз дегенді жәйі*

Шет аудандық сотында қызмет еткеніме 30 жылдан асты. Саналы ғұмырын бір ғана салаға арнайтындар санаулы ғой. Еліміздің сот жүйесінде осы саланың деңгейін арттырып, қарапайым халықтың үдесінен шығу мақсатында қыруар жұмыстар атқарылғанына куәмін. Өз жұмысымды сүйемін.

айтамыз, бұл жолда кеңсе қызметкерлерінің рөлі қандай? Үнемі жергілікті баспасөзбен тығыз жұмыс жасайсыз, өзіңіз қызмет етіп отырған Шет аудандық сотының қызметі туралы да білсек дейміз?

– Сотқа келген азаматтарды бірінші қабылдап, жол көрсететін – кеңсе қызметкерлері. Сондықтан, алғашқы әсер жағымсыз пікір қалыптастыруға негіз

болмауы үшін кеңсе мамандары мінсіз жұмыс істеуге міндеттеледі. Сот билігінің халық үшін ашық әрі қолжетімді болуы – мемлекет тарапынан қойылып отырған басты талап. Бұл бағыттағы жұмыстар бір мезетке де тоқтаған емес. Сот үрдісіне жаңа ақпараттық технологиялардың енгізілуі әділ сот пен ел азаматтарының конституциялық құқықтарының сақталуының негізгі кепілі.

Сонымен қатар, бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарымен етене жұмыс жасаймыз. Шет аудандық сотының судьялары мен сот қызметкерлерінің журналистер қауымымен байланысы жоғары дер едім.

Қазір сот органдарына талап арыздар мен шағымдар, сонымен қатар әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істер мемлекеттік органдардан «Сот кабинеті» электронды ақпараттық сервисі арқылы түсіп, «Төрелік» ақпараттық жүйесі арқылы тіркеледі. Кіріс-шығыс хат-хабарларды тіркеуден бөлек, сот ісінің қозғалысы, оның рәсімделуі, іс жүргізудің процессуалдық мерзімі, статистикасы, сот мұрағатын қалыптастыру, Жоғарғы Соттан келіп түсетін бақылау тапсырмалардың уақытында және сапалы орындалуын қамтамасыз ету секілді уақытпен қатар біліктілікті және ұқыптылық пен өз ісіне деген жауапкершілікті талап ететін жұмысты ұйымдастыру сот кеңсесінің міндеті болып табылады. Осы ретте сот кеңсесі жұмысын өз дәрежесінде ұтымды ұйымдастыра білу – сотқа жүгінушілердің әділ сот төрелігіне деген сенімін қалыптастыратынын ұмытпауымыз керек.

– *Азаматтардың заманауи технологияларға үйрене бастағаны рас, осы жаңа өзгерістерді енгізу қиынық келтірген жоқ па?*

Жалпы, кез келген бастаманың бірден жылы қабылданбайтыны белгілі. Жаңалық тиімді, пайдалы екеніне көз жеткенде ғана тұтынушылар саны

аударғым келеді. Бұл қағазбастылықтан арылып, уақытты тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Кез келген азамат сот қарауының қай сағыда екенін «Сот кабинеті» сервисі арқылы бақылап, сотқа шақырту хабарламаларын электронды түрде алып отырады. Электронды сот өндірісін іске қосудың негізгі мақсаты – тұрғындардың сотпен байланысын жеңілдету, олардың өздеріне қолайлы кез келген уақытта сот төрелігіне жүгінуіне жағдай туғызу, сот үрдісінің ашық, айқын жүзеге асып, заң үстемдігін орнату. «Сот кабинетінің» не үшін керектігін, ұтымды жақтарын айтып, пайдалану жолдарын түсіндіру мақсатында біраз жұмыс жүргізілді.

Бүгінде аталмыш жүйе сот органдарының онлайн сервистеріне және көрсететін қызметтеріне қол жеткізетін жалғыз терезе деуге болады. Осы арқылы азамат, оның өкілі немесе адвокат өзіне ыңғайлы кез келген уақытта, үйден, кеңседен шықпай-ақ, ғаламтор желісі арқылы өтініш пен арызды электрондық түрде жібере алады, мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеп, сот құжатын, сондай-ақ, істің бүкіл тарихын қарап, сот актісін басып шығара алады және аталған істің процессуалдық мерзімдерін де қарай алады. Бұл жалпы ауыл тұрғындарының уақытын үнемдеп қана қоймай, ақпаратқа қолжетімділікке де жол ашуда. Осылайша, онлайн сервистерді жаңғырту және сот ісін жүргізуді жеңілдету мәселелері біздің Шет аудандық сотында шешімін табуда. Сот жұмысын сапалы ұйымдастыру – біздің басты мақсатымыз. Бірігіп жасалған жұмыста береке барлығын осыдан-ақ көруге болады.

Осы тұрғыда Жоғарғы Сот жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті басшылығына және Қарағанды облысы бойынша Соттар әкімшісінің басшылығына алғысымды айтқым келеді. Сот жүйесіне жаңа келген жас мамандарға барлық жағдай жасалып, заман талабына сай жабдықтармен толық қамтылған, тек бірлесіп заң тұрғысында қызмет жасау керек.

Әңгімемнің соңында барлық әріптестерімді «Судья және сот қызметкерлерінің кәсіби мерекесімен» құттықтай отырып, күн сайын жақындарының назарына, қамқорлығына және сүйіспеншілігіне бөлене берулеріне тілектеспін. Мамандықтарыңыздың нағыз майталманы деген атқа лайық болып, еліміздің сот жүйесін дамытуға белсене атсалысып, ерекше жігермен алға қадам басып, сот төрелігін жүзеге асыруда абырой мен сенімнің биігінен көріне беріңіздер!

– *Әңгімеңізге рақмет.*

С. ЗЕБЕРХАН

ТҮЙТКІЛ

МАЛДАН АЙЫРУ – КҮНКӨРІС КӨЗІНЕН АЙЫРУМЕН ТЕҢ

Мал – ауыл халқының негізгі күнкөріс көзі. Төрт түліктің күтімінен өзі үлкен еңбек. Жем-шөбін дайындау, ауру-сырқауының алдын алу, қорасын тазалап, өрісте жүргенін түгендеу, жоғалып кеткенін іздеу де темірдей тәзімді талап етеді. Бірақ, осылайша маңдай теріңді төгіп, өлшеусіз еңбекпен өсірген малыңнан бір сәтте айырылып қалсаң, қалай жаның ауырмайды?!

Өкінішке қарай, қарапайым жандардың өрістегі малының ұрылар қолында кететін кезі аз емес. Бұл мал өсіріп, сол арқылы күн көріп отырған отбасыларға қаншама соққы, шығын десеңізші?! Иә, мал иесі жоғын іздеп, шаршап, соңында қолын сілтей салатыны да рас. Бірақ, бұл мал ұрлығы жауапсыз қалмауы керек.

Еліміздің заңнамасында мал ұрлығы үшін барынша қатаң жаза көзделген. Қылмыстық кодекстің 188-1-бабына сәйкес, бөтеннің төрт түлігіне қол салған адамға ең аз дегенде 3000 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынуы мүмкін. Сондай-ақ, не түзеу жұмысына тартылып, не бес жылға дейін бас бостандығын шектеу немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалады. Ал, егер мал ұрлығы адамдар тобының алдын ала сөз байласуы арқылы ірі мөлшерде жасалған болса, қылмыскерлерді бас бостандығынан айыру үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімді құрайды. Осы тектес қылмыстық әрекеттер бірнеше рет немесе мал қораға кіру арқылы жасалса, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалуы мүмкін. Сонымен қатар, мал ұрлығы қылмыстық топпен немесе аса ірі мөлшерде жасалса, мал ұрлаушылар жеті жылдан он екі жылға дейін бас бостандығынан айырылады.

Үлкендердің амандық-саулық сұрасқанда: «Мал-жан аман ба?!» деуі – мал шаруашылығының халқымыз үшін қаншалықты маңызды болғанын көрсетеді. Қаншама жан мал бағып, отбасын асырап отыр. Тек олардың төрт түлігіне ешкім қол салмаса екен дейміз.

Н.НҮРБАЙҚЫЗЫ,
Байқоңыр қалалық сотының бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚАРАП

Мемлекеттің биліктің бір тармағы – сот. Үшінші билік деген маңызды атқа ие соттың заң үстемдігін қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығы мен бостандығын қорғаудағы рөлі зор. Соған орай, сот жүйесі мен судьяларға қойылатын талап та үлкен.

СОТ ЖҮЙЕСІ: КЕШЕ, БҮГІН, ЕРТЕҢ

Бүгінгінің биігінен қарап тұрып соттың өткеніне көз жіберер болсақ, саладағы тұғырлы реформалар мен толымды нәтижелерге тоқталмай кету әсте мүмкін емес. Мұнда ең бірінші назарға түсетіні – судьялық лауазымға іріктеу тетігі. Тәуелсіздік алған кезде үміткерлерге қойылатын талап пен қазіргі өлшемдердің арасы жер мен көктей. Бұрын заңгерлік білім алған жастардың барлығы төрелік етуге ұмтылатын. Ал қазір тек заңгерлік білім алу жеткілікті. Жыл өткен сайын талап күшейтіліп, соның нәтижесінде 30 жастан асқан, құқықтық, заңгерлік, сот саласында белгілі бір тәжірибе жинақтаған, өзіне сенімді, қоғамда адами бейнесіне ешбір көлеңке түспеген жандар ғана судьялықтан үмітті бола алады. Сонымен қатар, судьялардың кәсіби деңгейін анықтауға көмектесетін бағалау жүйесі қолданысқа енгізілді. Бұған қоса, біліктілікті айқындайтын сынақтан мүдірмеу, эссе жазу да үміткердің лауазымға сәйкестігін көрсетеді. Тәуелсіздіктің отыз жылында дайындығы нашар тұлғалардың судьялар корпусына еніп кету ықтималдығын болдырмайтын жүйелі шаралар қабылданды. Мұндай іріктеу жүйесі саланы мінсіз кадрлармен жасақтауға мүмкіндік береді. Расында, лайықты судьялар корпусын қалыптастыру қоғамдағы ең өзекті мәселе. Сот төрелігін тек үлкен өмірлік тәжірибесі мен жоғары моральдық принциптерге ие кәсіпқойлар ғана жүзеге асыруы тиіс. Қазірдің өзінде

судьялар корпусын анағұрлым даярлықтан өткен тәжірибелі мамандар толықтыруда. Бұл да өзгерістердің дұрыс жүргізілгенін, өзін-өзі ақтағанын дәлелдейтін дерек.

Сот саласының қалыптасу, даму үрдісін таразылағанда судьялардың еңбегі, бет-бейнесі, кәсіби шеберлігі, қоғамдағы орны туралы айтып кету мүмкін емес. Өйткені, судья – сөйлейтін заң, әділдіктің кепілі. Судьяның шығарған шешіміне қарап мемлекеттегі тұралық пен құқықтық тазалыққа баға беріледі, судьяның парасат-пайымы – сотқа, билікке деген сенімнің негізі. Соған орай қазақстандық заңдардың сапалы, сындарлы дайындалуына ерекше мән берілді. Әрі сол заңдармен тікелей жұмыс істейтін судьялардың парасат-пайымына, кісілік келбетіне, әдебіне қатысты талап та күшейді. Оның әліппесі судьялардың Әдеп кодексінде жан-жақты жазылған. Республика судьяларының бағдар етер басты құжаттарының бірі саналатын бұл кодексте ар, иман, адалдық өлшемдері толық қамтылған.

Әділ төреліктің іргетасы қаланып, заңдардың базасы жасақталғаннан кейін соттың материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз етілуіне, судьялардың ешкімнің ықпалынсыз, жайлы, қауіпсіз ортада алаңсыз қызмет етуіне ерекше көңіл бөлінді. Бүгінде республика соттары жаңа, жайлы ғимараттарда төрелік етуде. Судьялар үкім етіп, шешім шығаруда тек заң мен арға



ғана бағынады. Олардың қызметіне араласуға, сырттан ықпал етуге ешкімнің қақысы жоқ. Мұның өзі сот тәуелсіздігін нығайтып, беделін көтергені даусыз.

Соттың материалдық мәселесінің шешілуі қызмет сапасын көтеруге айрықша ден қоюға мүмкіндік туғызды. Нәтижесінде сот саласы «ашықтық, жеделдік, сапа» формуласын басты бағдар етті. Ал бұл жұмыс механизмі ойдағыдай іске асырылуы үшін жаңа технологиялар жетістігіне сүйену қажеттілігі туындады. Жаңа технологияның сот жұмысын жеделдетіп, қағазбастылықтан, әуре-сарсаңнан арылуға көмектескеніне қарапайым халық куә.

Ел игілігіне қызмет етіп, халық сеніміне ие болу үшін сот саласы барынша ашық, қолжетімді болуы шарт. Азаматтардың сөзін тыңдап, пікіріне құлақ түре білу маңызды. Болашақта қазақстандық сот халықаралық үдеден көрінсін десек уақыт көшінен қалмауы, көпшіліктің талап-тілегіне сай жұмыс істеуі маңызды.

Б.ТОҚБАЕВ,
Жаңаөзен қалалық сотының төрағасы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕКІНШІ РЕФЕРЕНДУМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Дегенмен, референдумға қатысты халықтың пікірі де екіге жарылып отыр. Біреулер «Ата Заңға ешқандай толықтыру мен өзгеріс енгізу керек емес, 1993 жылғы Ата Заңды қабылдау керек» десе, халықтың енді бір парасы «Жаңа Қазақстанға жаңа Конституция керек, ақыры Ата Заңның үштен бірін өзгертейін деп отыр. Одан гөрі бас құжатты қайта жазайық» деген ұстанымда. Газетімізге пікір білдірген Алматы қалалық сотының судьясы Советхан Сәкенұлы Конституциядағы өзгерістердің біраз олқылығын көрсеткен еді. Ал қоғам қайраткері, ел ағаларының не айтары бар? Осы орайда мәселені қоғам талқысына салып көрген едік.

Марат АЗБАНБАЕВ,
ҚР Судьялар одағының мүшесі,
отставкадағы судья:

«Заңды қазақ тілінде дайындайтын заңгерлер мектебін ашу керек»



— *Ата заңды қайта жазып шығу оңай шаруа емес. Дәл қазір бізде Ата Заңды қазақ тілінде қайта жазып шыға алатындай қазақтілді*

ғалым заңгерлер де жоқ. Бүгінгі қолданыстағы Ата Заң орыс тілінен аударылған. Негізгі Конституцияның жобасын дайындайтын — Әділет министрлігі. Соларға құлаққағыс ретінде айтармын, жалпы, бізге қазақ тілінде заң дайындайтын заңгерлер мектебін ашу керек. Содан кейін ғана Ата Заңды қазақ тілінде қайта жазу мәселесін көтеругімізге болады. Оған біз қазір дайын емеспіз. Мойындау керек, орыс тілінің қоғамда рөлі басымдау болып отыр.

Яғни, Ата Заңды қайта жазып шығатындай заңгерлер күші, заңгерлер мектебі бізде жоқ. Екіншіден, референдумға барлық халықты қатыстыруымыз керек. Биліктен әділдікті талап етеміз. Бірақ өз ісімізге әділ емеспіз. Сосын ертең өзіміз өзгермей жатып, биліктен өзгеріс сұраймыз, сынаймыз. Бұл дұрыс емес. Сондықтан референдумға барша халық қатысса екен деген тілегім бар. Рас, Ата Заңды қазақ тілінде қайта жазу жақсы, бірақ оған қазір мүмкіндігіміз де, уақытымыз да жоқ. Қоғам үлкен өзгерісті қалап тұрған кезде референдум арқылы өзгерістер жасау да жаман емес дер едім.

Жабал ЕРҒАЛИЕВ,
мемлекет және қоғам қайраткері:

«Айтулы істе асығыстық танытпайық»

— *Ата Заңның 98-бабының 33-іне өзгеріс енгізу бұл өте үлкен қадам. Сондықтан дәл қазір ең алдымен халқымыз осы өзгеріске бір*



адамдай қатысып, абыроймен өткізіп алуы керек. Біз бәріне асығып жатамыз. Дүниенің бәрін бір сәтте төңкеріп тастайтындай асығыстыққа бармай, уақыт сұранысына сай өзгеріп жатқан нәрселерге мән берсек деймін. Осы өзгерістердің өзінің салмағы айтарлықтай болып отыр. Президент мұндай жаңашылдықтар арқылы әділетті, таза Қазақстан құруға ұмтылып жатыр ғой. Сондықтан мүмкіндік берейік.

Президент жөңсіз билікке ұмтылмайтынын ашып айтты. Жүйені жайлаған жемқорлық, жүйесіздік халықты шаршатқанын ол да байқап отыр. Сондықтан Ата Заңға өзгеріс енгізу арқылы қоғамды тәртіпке шақырып, референдум арқылы бұл қоғамды халықтың өзі

құруына мүмкіндік бергенін тиімді пайдаланғанымыз жөн. Алдағы конституциялық референдум тек бір қала немесе облыс тағдырына байланысты емес, ол тұтас мемлекеттің болашағына әсер ететін, бұдан да жарқын келешектің іргетасын қалайтын аса маңызды күн деп ойлаймын. Өйткені, қоғам арасында күрмеуі шешілмей жатқан күрделі мәселелер көбейіп кетті. Сол себепті, Президент сөзден гөрі іске баса назар аударып, «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын алға қоя отырып, осындай маңызды шешім қабылдағаны анық. Соны бағалауымыз керек.

«Бүйректен сирақ шығара бермей», биліктің бастаған бағытында жұмысты жалғастырып, абыроймен аяғына дейін жеткізсек екен. Саясат құбылып тұр, дүние күн сайын өзгеріп жатыр. Мен түсінем, тіл мәселесі бар, Ассамблея, ұлттық құндылықтар деген секілді мәселелер де халықты толғандырады. Бірақ қоғам дайын болған уақытта оның барлығы өз орнын табатын болады.

Қазыбек ИСА,
ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты:

«Таңдау – халықта»

— *Осы өзгерісті ұзақ күттік. Отыз жыл күтіп, сірескен жүйені өзгертуге енді қол жеткізіп жатырмыз. Сондықтан, бастаманы қолдап, бірауыздан халық таңдауымен референдум жасауға күш салуымыз керек.*

Мемлекет басшысы Конституцияға енетін түбегейлі саяси өзгерістерді таңдауды халықтың өзіне салып отыр. Мемлекет тарихындағы аса маңызды өзгерістерді жасау жолында референдум маңызды демократиялық



институт екені айқын. Біздің елде, 30 жылдың ішінде референдум бір-ақ рет, осыдан 27 жыл бұрын Конституция қабылдағанда өткізілген еді. Осы уақытқа дейін Конституцияны талай рет өзгерттік. Конституцияның өзіне енгізілген төрт өзгерістің барлығын да халықтың таңдауына салмай-ақ, Парламент арқылы қабылдаып жіберді. Тіпті, «Елбасы – Тұңғыш Президент» туралы заңды 18 минутта қабылдап жіберген Парламент те болған бізде. Бұл жолы да Ата Заңға өзгерістерді ескі сұрлеумен, бұрынғыдай Парламентте қабылдата салудан ҚР Президенті Қ.Тоқаев мақсатты түрде бас тартып, Жаңа Қазақстанның жаңа өзгерістерін халық таңдауына салып отыр. Өйткені, Конституцияның үштен бірі, 33 бапқа 50-ден аса өзгеріс енеді және бұл саяси жүйедегі түбегейлі бетбұрыс жасайтын өзгерістер. Сондықтан да бұл ел тағдырындағы шешуші өзгерістерді Конституция бойынша Мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы болып табылатын – халық шешуі керек. Өйткені, конституциялық реформа – Тәуелсіздік тарихындағы жаңа белес екені айқын.

Біз Президенттің Конституцияға енетін түбегейлі саяси өзгерістерді таңдауды халықтың өзіне салуын әрине, қуана қолдаймыз. Енді ескі Қазақстанның таптаурын сұрлеуінен шаршаған елді Жаңа Қазақстанның жаңа қадамы – халықтың өз тағдырын өзі шешетін референдумы күтіп тұр. Жаңа дәуірін жариялаған Қазақ Елінің Конституциясы халық таңдауымен өмірге жолдама алмақ. Президент ұсынған мемлекетімізді өзгертетін жалпыхалықтық референдумда бәріміз өз таңдауымызды жасай білейік. Ал оны жан-жақтан тартқылау, шараның өз дәрежесінде атқарылуына кедергі болады.

Есберген АЛАУХАНОВ,
заң ғылымының докторы, профессор:

«Маңызды істен шет қалмаған жөн»

— *Ата Заңды қайта жазу үшін жылдар керек. Ең кемі бір жыл керек. Дәл қазір оған қоғам дайын емес. Референдумға он күн қалғанда Ата Заңды қайта жазамыз деп тыраштанбай-ақ қойсақ болады.*



Қоғамды тез қалпына келтіру үшін референдум арқылы өзгертулер мен толықтырулар жасап жатыр. Оны қайта жазу үшін бір-екі жылдайындық қажет. Ата Заңға қоса беретін болсақ қоғамымызда қордаланған мәселе көп. Сондықтан қалған мәселелерді конституциялық заң шеңберінде шеше береміз. Еліміздің болашағының дамуы тікелей осы референдумға байланысты болып отыр. Сол себепті ел үшін жаны аштын әр азамат осы референдумға қалмай қатысу керек деп ойлаймын

Ирак ЕЛЕКЕЕВ,
заңгер, мемлекет және қоғам қайраткері:

«Өзгеріс елге керек»



— *Осы референдумды өткізіп алған соң, тапқырып, Ата Заңды қайта жазу мәселесін кейін қарастырсақ болады.*

Бірақ дәл қазір саяси өзгерістер керек болып отыр. Сондықтан референдум арқылы Ата Заңды бір реттеп алсақ, қайта жазу мәселесі кейінірек шешімін табады деген ойдамын. Өйткені, бұл үлкен мәселе. Бірінші Президентке қатысты өзгерістердің өзі шын мәнінде үлкен жетістік деп айтар едім. Жер, жер астындағы қазба байлықтың барлығы халықтыкі деп Ата Заңда көрсетілуінің өзі бізге көп мүмкіндіктер береді. Өз басым жер, оның қойнауы, оның қазыналары халықтың меншігі деген концептуалды тың тұжырым жасалып отырғанын жоғары бағалаймын. Конституция бізде көп бұрмаланды. Соны қалыпқа келтіріп алсақ та болар еді. Ата Заңды өзгерту билік үшін емес, ең алдымен халық үшін керек. Сондықтан референдум арқылы бастамаларды халықтың таңдауына салуды өзім қолдаймын. Бастысы «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен мықты Парламентке сүйенетін Президенттік басқару үлгісі енгізілсеіі отыр. Президент өз қолынан өкілеттіктерінің біраз бөлігін Парламентке беріп, оның өкілеттігін кеңейтпек. Рас, Ата Заңды аударма қылмай қайта жазсақ болар еді. Қазір орындалмағанымен, ол күнге де жетерміз. Бірақ дәл қазір асығыстық жасауға болмайды.

Қуаныш ЕРМЕК,
«Заң газеті»

ПАЙЫМ

«ӨЛЕМДІ ЗАҢ БИЛЕУІ КЕРЕК»

Қазақстан өзін құқықтық мемлекет ретінде жариялай отырып, адамның құқығы мен бостандығына кепілдік берді. Мемлекетте демократияның басты негізі адамның, жеке тұлғаның құқықтық жағдайы болып табылады. Себебі, ҚР Конституциясында адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең қымбат қазына деп жарияланған. Бұл қағидаттың бұзылуы орын алды деп тапса, әркімнің өз құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға құқығы бар. Яғни, әр адам өз құқығын заңға қайшы келмейтін барлық тәсілдермен қорғау құқығына ие.

Сот тұлғаның мүддесін қорғаудың басты кепілі екендігі анық. Сондықтан, кез келген тұлға талас тудырған құқықтарын қорғауды өтініп, сотқа жүгінуге бірдей құқылы. Ешкім де өз ісін сотта қарау құқығынан айырылмайды. Сотта әркім өз сөзін тыңдатуға құқылы.

Адам сот арқылы қорғалу құқығын азаматтық, қылмыстық процестік, әкімшілік кодекстерде айқындалған талаптармен және заңнамамен белгіленген басқа да нысандар арқылы жүзеге асыра алады. Талап арызбен сотқа жүгінген тұлға ісінің Конституциялық құқыққа сай әділ шешілуін мақсат ететіні анық. Дегенмен, заңның үстемдік құрғанын мойындамай, сот шешіміне риза болмай, шағым беру үрдісі азаяр емес. Бұл азаматтардың өз құқығын және заңды толығымен жан-жақты білмеудің салдары деп ойлаймын. Ұлы ойшыл Аристотельдің «Өлемді заң билеуі керек» деген сөзі бар. Олай болса, заң болған жерде және оны терең игерген тұста азаматтардың қалыпты өмір дағдылары және қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмір сақталары сөзсіз.

Еліміздің ұстанған ең басты жолы сол қоғамдағы тұрақтылық пен бейбіт өмірді сақтап, құқықтық мемлекет құру, оны одан әрі өркендету. Азаматтардың құқығы мен бостандығын мінсіз қорғауда ең өзектісі — сот қызметінің ашықтығы

және жариялылығына байланысты. Осыған орай сот төрелігін заман талабына сай жаңғырту жылдар бойы үздіксіз жүргізіліп келеді. Атап айтсақ, сот жүйесінің көп сатылылығы жойылды, судьялардың кадрлық іріктеу жүйесі жаңғыртылды, Судьялар әдебі кодексі қабылданды, тараптарды бітістіру рәсімдері мен дауларды соттан тыс реттеу тетіктерін жетілдіру қолға алынды. Бұл сот жүктемесінің азайып, сот актілерін ұғынықты тілде түсіндіру тәжірибесінің енгізілуіне, жаңа электрондық сервистер мен жобалардың іске қосылып, сот жүйесінің материалдық базасының нығаюына түрткі болды.

2021 жылғы 1 шілдеден бастап мемлекеттік органдардың ішкі әкімшілік рәсімдерін, әкімшілік рәсімдерді, сондай-ақ, әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібін жүзеге асырумен байланысты қатынастарды реттейтін Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінен енгізу сот жүйесін реформалаудың айтулы жетістігі болды. Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жеке тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, жария-құқықтық қатынастардағы заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу болып табылады. Бұл қадамдар сот жүйесін белсенді дамытудың



жаңа қырын қалыптастырып, судьялардың жұмысына тың серпін бергені анық.

Бүгінгі таңда ерекше назар аударуды қажет ететін мәселе сот беделін нығайтумен байланысты. Сот беделі — сот шешімінің әділдігімен, судьялардың кәсіби біліктілігі, ұстанымы мен жеке басының адамгершілік қасиеттерімен тамырлас. Соттан әділдік іздеп келген әр адам судья дегенде билік төрінен жанайқайын түсініп, тыңдай, ұғына білетін парасатты, білімді, білікті жанды көргісі келетіні белгілі. Азаматтардың сотқа, судьяның шығарған шешіміне деген сенімі мен үміті нақты осы бастапқы әсерден қалыптасатыны анық.

Дана халқымыз «Билік айту — оңай, біліп айту — қиын» екендігін тегін айтпаған. Бұл қай кезде де билердің біліктілігі мен білімі халықтың жіті назарында болатындығын көрсетеді. Халық төреліктен адалдықты, әділдікті, заңдылықты, біліктілікті көре білсе, сонда ғана сотқа сенімі артып, сот беделі нығаятыны анық.

Руслан ДЕМЕУОВ,
Орал қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының кеңсе меңгерушісі

БАСТАМА

СЕРВИСТІҢ МҮМКІНДІГІ МОЛ

Сот саласы заманауи жаңашылдыққа толы. Азаматтардың сұранысын ескере отырып қолданысқа енгізілген жаңа бастамалар баршылық. Осы ізгі істердің нәтижесі де көпшіліктің көңілінен шығып отыр. Себебі, бүгінгі өзгерістер ашықтыққа, жеделдікке, қолжетімділікке бағытталған.

Ең қарапайым мысал, бұрын азаматтар кез келген сұраныс үшін сотқа келетін. Арыз жазу үшін де, өзі түсінбеген сауалға жауап алу үшін де, сот актілерін алу үшін де сот ғимаратына арнайы бас сұғу қажет еді. Қарапайым анықтаманың өзін сағаттап кезекке тұрып алу азаматтардың өкпе-ренішін тудырғаны рас. Ал заманауи технология жетістіктерінің қолданысқа енгізілуі осы олқылықтарды біртіндеп шешуге септігін тигізді. Игілікті істердің басында — «Сот кабинеті» бірыңғай сервиі тұр. Бұл сервис азаматтар мен сот қызметкерлерінің тікелей байланысын азайтып, сот қызметін қашықтан жедел, жеңіл алуға мүмкіндік туғызды. «Сот кабинетін» қолданушылардың біртіндеп өсуі сервистің мүмкіндіктерін кеңейтіп, қызмет түрлерін көбейтуге жол ашты. Бүгінде сервис арқылы арыз-шағымын, өтінішін жолдайтындар қатары қалып. Әсіресе, «Сот кабинетінің» мобилді қосымшасының енгізілуі азаматтарды арыз-шағымын оңай жолдап, өз сұранысын сырттай бақылауға жағдай туғызды.

Заманауи технология сот отырысы хатшыларының жұмысына да оң әсерін тигізді. Мәселен, бұрын хатшылар сот отырысына қатысушыларға хабарламаны пошта арқылы хатпен жолдайтын. Хаттың тиісті адамның қолына тиген-тимегенін білу де қиын еді. Ал қазір қатысушылардың ұялы телефонына, электрондық поштасына хабарлама қалдыру оңай әрі сенімді.

Сонымен қатар, бұрын сот отырысының хаттамасын дайындау да қол байлайтын. Бірнеше жылдан бері бұл мәселенің де шешімі табылды. Сот отырысы залдарының толықтай дыбыс-бейне жазу құрылғыларымен қамтамасыз етілуі сот хаттамасын қысқа қарашы, архивке осы шағын хаттамамен бірге сот отырысының таспасын тіркеу жеткілікті болды.

Цифрлы әлемнің жетістіктері алдағы уақытта да сот саласына енгізіле берері даусыз. Өйткені, бүгінгідей ең қымбат байлық — уақыт болған кезде цифрлық технологияның көмегімен ғана жұмысты жүйелеуге, жеңілдетуге, мінсіз етуге мүмкіндік мол.

Салтанат СМАИЛОВА,
Алматы қаласы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы

Еліміз тәуелсіздік алған кезден бастап сот жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді. Сот жүйесін жетілдіруде сот ісін ұйымдастырудың халықаралық стандарттарын қамтамасыз ететін заң нормалары қабылданды.

ТӨРЕЛІК АЛАҢЫНДА – ХАЛЫҚ ӨКІЛДЕРІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 27 желтоқсанда «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық, қылмыстық-процестік заңнаманы жетілдіру және жеке адам құқықтарының қорғалуын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңға қол қойды.

Өзге өркениетті елдердегідей бүгінгі заман ағымы өмірімізге алқабилер сотын енгізуді талап етті. Біздің еліміздің 2010 – 2020 жылдарға арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында алқабилер сотын енгізу көзделген. ҚР Конституциясының 75-бабының 2-бөлігінде, заңда көзделген жағдайларда қылмыстық сот ісін жүргізу алқабилердің қатысуымен жүзеге асырылатыны қарастырылған.

ҚР 2019 жылдың 27 желтоқсанындағы №292-VI заңына сәйкес қылмыстық құқық бұзушылықтар құрамдарын алқабилер қатысатын соттың қарауына жатқызу туралы ережелері 2023 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қылмыстық процестік кодекстің 631-бабының талабына сәйкес,

- 1) Сот:
 - 1) төтенше ахуал жағдайларында және жаппай тәртіпсіздіктер барысында жасалған адам өлтіру;
 - 2) бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы, конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы қылмыстар;
 - 3) террористік және экстремистік қылмыстар;
 - 4) соғыс уақытында немесе ұрыс жағдайында жасалған әскери қылмыстар;
 - 5) қылмыстық топ құрамында жасалған қылмыстар туралы істерді қоспағанда, аса ауыр қылмыстар туралы істерді алқабилердің қатысуымен қарайды.

ҚР Қылмыстық кодексінің 125 (үшінші бөлігінің 1) тармағында), 128 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 132 (бесінші бөлігінде), 135 (төртінші бөлігінің 1) тармағында), 160, 163, 164 (екінші бөлігінде), 168, 380-1 (екінші бөлігінің 6) тармағында) баптарында көзделген қылмыстарды да сот алқабилердің қатысуымен қарайды.

Алқабилер сотының ерекшелігі – ол сот төрелігін жүзеге асыруға кәсіби судьямен бірге арнайы құқықтық білімі жоқ, заңда белгіленген шектеулерден өтіп арнайы тандап алынған қоғам өкілдерінің қатысуы.

Алқабилердің қатысуымен өткен сот процестері, алқабилердің қатысуымен қаралған істер өте жоғары деңгейде өтеді. Өйткені, алқаби құрамындағы қарапайым адамдардың көзін жеткізу үшін мемлекеттік айыптаушы мен қорғаушының уәждері мен дәлелдері өте сауатты әрі нанымды болуы қажет.

Алқабилер қарапайым халықтың өкілі. Сондықтан, халық атынан сотқа қатысып отырғандықтан олардың жауапкершіліктері аса жоғары болуы шарт.

Алқабилер соты, соттың әділ өтуіне ықпалын тигізеді, бұл жүйе халықаралық стандарттарға жақын, сотқа қатысушы тұлғалар құқықтық жағынан барынша қорғалады, сотқа деген қоғамның күмәнді көзқарасы өзгереді. Сонымен қатар, бұл сот жүйесін одан әрі жетілдіре түседі.

Қазіргі таңда қабылданған заңдарға сәйкес алқабилердің қатысуымен қаралатын істер, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында өткізіледі.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жаңа Қазақстан: Жанару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына жолдауында да алқабилер сотына баса мән беріп, алқабилер сот төрелігін жүзеге асыруға қоғам өкілдерінің кеңінен қатысуына жол ашады. Қазақстанда алқабилер тек аса ауыр қылмыстар бойынша үкім шығара алады. Біз бұл саланы одан әрі дамытып, алқабилердің қарауына берілетін істердің санағын кеңейтеміз. Бұл жаңашылдық сот жүйесін



демократияландыруға және оған қоғамның сенімін арттыруға мүмкіндік беретінін атап өтті.

Судья алдын ала тыңдауды сотталушыларды, соның ішінде өздеріне істі алқабилердің қатысуымен қарау құқығы тиесілі емес сотталушыларды және олардың қорғаушыларын міндетті түрде қатыстыра отырып, жеке-дара өткізеді.

Егер сотқа дейінгі тергеп-тексеру кезінде істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш хат мәлімделмесе, судья сотталушыға оның осы сот отырысында тікелей мәлімделуі мүмкін екенін түсіндіреді. Сотталушының ауызша өтініш хаты сот отырысының хаттамасына енгізіледі, жазбаша өтініш хат іске қоса тигіледі. Сотталушының істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өз өтініш хатынан бас тартуы, сондай-ақ, оның осындай өтініш хатты мәлімдегісі келмейтіні сот отырысының хаттамасында, не іске қоса тигілетін сотталушының жазбаша өтініш хатында көрсетіледі.

Егер сотталушы өз ісін алқабилер қатысатын сотқа қарату туралы өз өтініш хатын растаса, онда судья осы өтініш хатты қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды. Бұл ретте басқа сотталушылардың пікірі ескерілмейді және мемлекеттік айыптаушы, жәбірленуші, сотталушы және оның қорғаушысы мәлімдеген басқа өтініш хаттарды қарауға көшеді. Судьяның істі алқабилер қатысатын соттың қарауы туралы мәселе жөніндегі қаулысы түпкілікті болып табылады. Одан әрі қаулы сотталушының ұстанымының өзгеруіне орай қайта қаралмайды.

Егер сотталушы істі алқабилердің қатысуымен қарау туралы өтініш хат мәлімдесе немесе бұл туралы бұрын мәлімделген өтініш хатты растаса, судья сот отырысын тағайындау туралы қаулыда істі алқабилер қатысатын соттың қарайтынын көрсетеді және осы сот отырысына шақырылуға жататын алқабиге кандидаттар санын айқындайды, олардың саны жиырма бестен кем болмауға тиіс.

Судья істі алқабилер қатысатын соттың қарауына тағайындау туралы қаулы шығарылғаннан кейін сот отырысының хатшысына саны қаулыда көрсетілген алқабиге кандидаттарды іріктеу үшін олардың сот отырысына келуін қамтамасыз ету туралы өкім береді. Хабарлама алған азаматтар алқабилерді іріктеу рәсіміне қатысу үшін сотқа келуге міндетті.

Кандидаттар ішінен алқабилерді іріктеу Қылмыстық-процестік кодекстің 639-бабының талаптарына сай жүзеге асырылады. Егер сотқа шақырылған алқабиге кандидаттардың саны жиырма бестен кем болса, не олардың кейбірін сот талқылауына қатысудан босатқаннан кейін немесе төрағалық етуші судья өздігінен бас тартулар мен қарсылық білдірулерді қанағаттандырғаннан кейін олар он жетіден азайып қалса, төрағалық етуші сот отырысының хатшысына, алқабиге кандидаттар құрамының жетіспейтін санын бірінғай және қосалқы тізімнен толықтыру туралы өкім береді. Бұл жағдайда сот отырысында алқабиге бірінғай және қосалқы кандидаттарды шақыру үшін үзіліс жарияланады.

Ең бастысы, алқабилер қатысуымен қаралатын сот процестерінің ізгілікті және әділдікті арқау ететіні халыққа үлкен сенім ұялатады.

С.АЯПОВ,
Жәнібек аудандық сотының судьясы
БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

ИНТЕРНЕТ АЛАЯҚТАРДАН АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

Уақыт көші алға жылжыған сайын интернет алаяқтардың да қатары көбейіп бара жатқаны жасырын емес. Ғаламтор мүмкіндігін, адамдардың сенгіштігін, аңқаулығын пайдаланындар бүгінгі таңда түрлі айла-шарғы істеп жүр. Бұл ғаламдық проблемаға айнала бастады.

Сондықтан алаяқтардың арбауына түсіп қалмау үшін не істеу керек? Көп жағдайда алаяқтар әлеуметтік желілерге жалған интернет хабарландырулар орналастыруды «озық тәжірибеге» айналдырған. Олар көпшілікті қызықтыратын жалған аккаунт пен арнайы беттер ашып, сайттарды жасап алады. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, облысымызда ең жиі кездесіп жүрген интернет алаяқтықтың түрлеріне – өздерін пайызы төмен кредит беретін банк қызметкері ретінде таныстырып, адамдардың жеке деректерін иемдену және бөтен біреудің атынан онлайн-несие рәсімдеу, интернет арқылы сауда жасау және қызмет көрсету, сондай-ақ, өзгелердің пәтерлерін жалға беру арқылы жасалатын қылмыстарды жатқызуға болады.

Компьютері, планшеті, смартфон бар жасөспірім де, зейнеткер де бүгінгі таңда алаяқтардың құрбанына айналуға. Заманның қиындығын, тұрмыстың ауырлығын тілге тиек етіп, адамдарды алдау, арбау арқылы онай олжаға қызықтырудың ең көп таралған жері – айырбас, пәтерлерді жалға беру, сауда-саттық айналасы.

Көпшілік жиі пайдаланатын Insta-

gram әлеуметтік желісінде кімнің түпкі мақсаты қандай екендігін нақты анықтау өте қиын. Соңғы кездері интернет алаяқтардың «Сіздің нөміріңіз біздің компания ұйымдастырған ұтыста жеңімпаз атанды» деп қоңырау соғуы немесе SMS-хабарламалар жіберуі де жиілеп кеткен үрдіс. Олар ұтысты басқа жерден алдыруды ия болмаса, «ұтқан» тауардың құнын пластикалық картаға аударуды ұсынады.

Интернет алаяқтардың іс-әрекеті көп жағдайда трансшекаралық сипатқа ие. Олар бір немесе бірнеше қылмыстық әрекетті бірнеше қалада, кейде тіпті басқа мемлекетте жүзеге асыруы мүмкін. Ондай қылмыстарды ашуға бірталай уақыт, адам ресурстары қажет. Басқа елде жүрген жәбірленушінің не күдіктінің деректері мен мекенжайын анықтау үшін шет мемлекеттегі құқық қорғау органдарына сұрау салу мен тапсырмалар жіберу де белгіленген заң аясында жүргізілуі керек.

Интернет алаяқтық қылмыстық



құқықбұзушылықтар бойынша жылдан жылға артып барады.

Сөз соңында айтарымыз алаяқтардың құрбанына айналмауымыз үшін қарапайым қауіпсіздік шараларын – сенімсіз сайттар арқылы алдын ала төлем жүргізбеуге, дербес деректерді, пластикалық карталардың мәліметтерін, кодтар мен құпия сөздерді ешкімге бермеуге, күмәнді адресаттарға ақша аудармауға, ұялы телефон мен компьютерге, планшеттерге тексерілмеген, сенімсіз косымшаларды орнатпауға, жалған спам хабарламаларға сенбеуге шақырамыз.

Бахытгүл ДЮСЕБАЛИЕВА,
Атырау қалалық мамандандырылған тергеу сотының төрағасы

«Барлық деңгейдегі соттар, шын мәнінде, тәуелсіз, ашық және кәсіби болмаса, заң үстемдігін қамтамасыз ету мүмкін емес» – деп Президент «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» деп аталатын жолдауында тоқталып кеткендей, судьялар үшін кәсіби құқықтық мәдениеттің маңызы ерекше, бұл заңдық кәсібилік пен кәсіби әдептілікті ұштастыратын қасиет. Істерді қарау кезінде заңдарды бұлжытпай сақтау мен сот процесін жүргізу мәдениеті өзара тығыз байланысты.

Әрбір жеке судья – сот билігінің бет-бейнесі. Судьяға қарап жалпы сот корпусының сапасына, деңгейіне баға береді. Сондықтан судья өзінің әрбір іс-әрекеті арқылы Қазақстанның сот корпусының беделін қалыптастыратынын ұмытпаған жөн.

21 қараша 2016 жылы Астана қаласында өткен VII Қазақстан судьяларының съезінде Судьялық әдеп кодексі қабылданды. Аталған Әдеп кодексі Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясының қарарымен мақұлданған Бангалорлық қағидаттар негізінде қабылданды.

Сонымен қатар, кодекс ережелерінің басым көпшілігі, Конституцияның 77-бабында, және «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» 2000 жылғы 25 желтоқсандағы заңмен бекітілген судьялардың тәуілсіздігі қағидасымен тікелей байланысты.

Судья әдебі кодексін қабылдаудың негізгі мақсаты – қоғамда биліктің сот тармағының өкілдері ретінде судьялар туралы ерекше оң пікір қалыптастыру. Судья сот отырысын қалай жүргізсе, азаматтардың сот жүйесіне деген сенімі сол деңгейде қалыптасады. Өйткені, судья шешімді мемлекет атымен шығарады. Судья өзінің әрдайым назарда екенін, сот отырысында тараптардың оның әр қимылын, көзқарасын, сөзін зерттеп, бағалайтынын есте ұстауы керек. Оның мінез-құлқының этикасына қойылатын талаптарда оның тепе-теңдігі, тыныштығы, шыдамдылығы, төзімділігі туралы ұғымдар болуға тиіс, бұл өз кезегінде судьяның бейтараптығы, объективтілігі және оның кәсібилігі туралы куәландырады.

Судья, сот отырысына қатысушы тараптар өзінің әр қимылын, әрбір әрекетін, көзқарасын жіті қадағалап отырғанын ұмытпауы тиіс. Оның әдебіне қойылатын талаптар оның ұстамдылығы, мәдениеттілігі, байсалдылығы туралы ұғымдарды қамтуы шарт, бұл өз кезегінде судьяның адалдығын, туралығын және кәсібилігін білдіретін болмақ.

БИЛЕР ІСІНІҢ ЖАЛҒАСЫ

Медиация қызметі – тараптардың келісімінің негізінде сотта судьямен немесе медиатормен жүзеге асырылатын бітімгершілік қызметі.

Медиация рәсімін жүзеге асыруда тараптардың тең құқықтылығы, медиатордың тәуелсіздігі мен аламауы, медиация жүргізу рәсімдеріне өзгелердің кедергі келтіруіне жол бермеушілік, құпиялылық, қолданыстағы заң талаптарына сәйкестігі қағидалары сақталады. Дауларды медиациямен шешу азаматтардың талап-тілектерінің толықтай орындалуына, татуласу рәсімдерінің сапалы жүргізілуіне және жанжалдың түбегейлі жойылуына елеулі ықпалын тигізеді.

«Медиация туралы» заң 2011 жылғы 28 қаңтарда қабылданған. Оған сәйкес, медиация қызметі азаматтық, еңбек,

отбасылық және өзге де құқықтық қатынастарға, қылмыстық теріс қылықтар, онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстарға, қылмыстық сот ісін жүргізу барысында қаралатын дауларға қолданылады.

Тараптардың ерікті түрде ниет білдіруі медиацияға қатысудың негізі болып табылады. Сонымен қатар, тараптар кез келген сатыда медиациядан бас тартуға, өздерінің материалдық немесе процессуалдық құқықтарын иеленуге, талаптар мөлшерін ұлғайтуға, азайтуға немесе даудан бас тартуға құқылы.

Тараптар құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтын, заңда көзделген де, көзделмеген де қолайлы келісім нұсқаларын талқылау үшін мәселелерді тандауда еркін болады. Тәуелсіз, бейтарап, істің нәтижесіне

мүдделі емес, медиация тараптарының өзара келісімі бойынша таңдалған, медиаторлар тізіліміне қосылған және медиатордың қызметтерін орындауға келісім берген жеке тұлға медиатор бола алады. Медиатордың қызметі кәсіби негізде және кәсіби емес негізде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қазіргі таңда еліміздің сот жүйесінде медация қызметі қазақ даласындағы дана қариялар мен билер дәстүрінің жалғасы ретінде қалыптасты. Қара қылды қак жарып, дауды шешудің тура жолын айтып, адамдық қасиетті жоғары қоюға, әр уақытта сабырлы болуға және ел бірлігін сақтауға үндейтін бабалар ғұрпы әлі күнге дейін өзекті болып отыр.

Жанат АХМЕТОВА,
Байқоңыр қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ЖЕГІҚҰРТ

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселе.Сыбайлас жемқорлық заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсекелестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің жас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіруде. Сондықтан мемлекеттің негізгі басымдықтарының бірі осы жемқорлықпен күресті алға шығарды.

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер мемлекеттік қызметтің әр саласында жүзеге асырылуда.

Сыбайлас жемқорлықпен күресті жеке қарау мүмкін емес. Ол паракорлықты өршітті. Кез келген ортада пара беру мен пара алудың түрлі жолдарын қарастырушылар көбейді. Паракорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді, заңды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін

ӘДІЛДІК ЖОҚ ЖЕРДЕ ПАРА БЕРУ КӨБЕЙЕДІ



аталған дертке атсалысып, қарсы күресуіміз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – азаматтардың арыз-шағымы. Мемлекетіміздің әрбір азаматы ҚР Конституциясын және заңдарын сақтауға, басқа адамдардың құқықтарын, бостандықтарын, абыройы мен кәдір-қасиетін құрметтеуге міндетті.

«Әділдік жоқ жерде пара белең алады» деген нақыл сөз қай салада болмасын еңбек етіп жүрген қызметкерлердің де бағдары іспеттес. Сондықтан әділдіктің орнап, жемқорлықтың жойылуына бір кісідей ат салысайық.

Жандос ЕСБӨЛҰЛЫ,
Шымкент қаласының
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының бас маманы-
сот отырысының хатшысы

Дамитын ел тазалыққа ұмтылады

Біздің мемлекетіміз, басқа да көптеген мемлекеттер сияқты, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оны болдырмау мақсатында қарқынды жүргізуде. Қазақстан – сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қабылдаған және осы мәселе бойынша халықаралық конвенцияға мүше болған алғашқы елдердің бірі. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев та жемқорлықтың түп-тамыры жойылғанша күрес жүргізілетінін үнемі қадап айтып жүр. Ол мемлекеттік қызметтің ерекше назарда ұстайтын қағидаты. Кез келген қызметкер жандүниесімен жемқорлыққа, паракорлыққа қарсы тұрғанда ғана нәтиже болады.

Құжатта сыбайлас жемқорлық ұлттық қауіпсіздікке тікелей әсер ететін қатер ретінде көрсетілген. Сол себепті 2014 жылдың 26 желтоқсанында еліміздің осы маңызды мәселе бойынша қағидаттық ұстанымын білдіретін «2015–2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы» қабылданды.

Сонымен қатар, сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін, халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттыру керектігінің маңызы зор. Халық қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту бүгінгі күндегі басты мақсат болып табылады. Әрине, сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы салауатты, таза және сау ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, дара кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек. Ол үшін аталған дертке көп болып атсалысып, қарсы жұмылуымыз қажет. Сонда ғана ел мүддесі үшін зор үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлық әрекеттері бойынша тиісті шара қолданудың негізі – ол азаматтардың арыз-шағымы. Дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын кесіп, оның ұлғаюына жол бермеу керек.

Т.КАФЕЗОВ,
Батыс Қазақстан облысы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің сот приставы

Жемқорлықтың салдары ауыр

Сыбайлас жемқорлық дәрі беріп емдейтін сырқат емес. Айналасындағы ортаны шарпып, тыныс-тіршілігін тарылтатын, заңсыз әрекеттермен қоғамдық ортаның және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, кәсіпкерлердің, азаматтардың қызмет етуіне қатер төндіретін қауіпті дертті болдырмаудың тетігі халықтың өзінде. Бұл дерттің алдын алып, қоғамға таралу жолдарын тыйып отыру керек. Сонда ғана ел мүддесіне үлес қосатынымыз және халық сенімінен шығатынымыз анық.

Сыбайлас жемқорлықтан ел келешегіне, ұлттық қауіпсіздікке үлкен зиян әкелетіні анық. Сондықтан келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе. Өйткені, қоғамның әр мүшесі өзінің тұрмыстық, әлеуметтік және құқықтық мәселелерін шешу кезінде сыбайлас жемқорлықтың ықпалын сезінеді. Біз көбінесе еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың етек жаюын тек биліктегі адамдардың ашкөздігімен байланыстырамыз. Билік жүйесіне қатысы бар адамдардың сол жүйеде орын алатын келеңсіз құбылыстардың құрбаны болу мүмкіншілігі барын да естен шығармау қажет. Сондықтан да, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін осы құбылыстың пайда болуы мен оның табиғи дамуының негізін түсіне білу қажет.

М.ЖЕБЕЛХАНОВА,
Манғыстау облысының қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының кеңсе меңгерушісі

ЖАРНАМА

050051, Алматы қ., Достық даңғылы,220а. Тел.87272444044, факс 87272446570 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде қоя алады.

4. «ЭНЕРГОПРОЕКТ-НИСКОГРАДНЯ» ашық акционерлік қоғамының филиалы, БСН 160141002005, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, 531 үй, 510 кеңсе. Тел.: 87775867797.

5. «Ломбард Принцип» ЖШС, БСН 160540013506 (Қазақстан Республикасы, 101400, Қарағанды облысы, Теміртау қаласы, 8 ықшамаудан, 126 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Теміртау қаласы, Абай көшесі, 68 үй. Тел.: 87753585490.

Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. argawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Өйтеке би көшесі 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Вьдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

МЕЖЕ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ БОЛУ ҮЛКЕН МӨРТЕБЕ

Кез келген қоғамдық қатынастарда қызметтің түрі сан алуан. Кәсіпкерлік, әлеуметтік, материалдық игіліктерді өндіру, тағысын тағы. Осының ішінде кәсіпкерлік, өндірушілікпен айналыспайтын, мемлекеттің функцияларын тікелей атқару жүктелген қызмет түрі бар. Ол – мемлекеттік қызмет. Бұл қызмет құқықтық жағынан 2015 жылғы 23 қарашадағы «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» заңымен реттеледі.

Мемлекеттік қызметтің шығу тарихы ежелгі Грекия елімен тікелей байланысты. Грекияда мемлекеттік функцияны іске асыру жөніндегі тапсырмалар бекітіліп, оны орындап отырған. Кейін Қытай елінде осы тектес қызметтер өмірге келген.

Еліміз тәуелсіздік алған жылдан бері мемлекеттік қызмет бірнеше реформалаудан өтті. Кеңестік кезеңде қалыптасқан қызмет түрі бірнеше өзгеріске ұшырап, кейбіреуі мемлекеттік қызметтен алынса, керісінше кейбір атқарылатын қызмет түрі мемлекеттік қызметке жатқызылды. Ұзақ жылдар бойы мемлекеттік қызмет саяси және әкімшілік болып келсе, 2013 жылғы реформадан кейін кейбір саяси қызметшілер әкімшілікке ауыстырылып, әкімшілік қызметшілер А және Б корпусы болып екіге бөлінді.

Мемлекеттік саяси қызметші – тағайындалуы (сайлануы), босатылуы және қызметі айқындаушы сипатқа ие, саяси мақсаттар мен міндеттерді іске асыруда жауаптылықта болатын мемлекеттік тұлға. Қарапайым тілмен айтқанда бұл санатқа – ҚР Премьер-Министрі, орынбасарлары; министрлер мен орынбасарлары; республикалық маңызы бар қалалар мен облыстардың әкімдері, орынбасарлары; өкілетті елшілер, ҚР Президентінің көмекшілері, мемлекеттік хатшы, Президентке тікелей есеп беретін орталық орган басшылары және басқа да республика мен өңірлерді дамыту мақсатында тағайындалатын қызметшілер кіреді.

«А» корпусы – Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметіне кірудің, оны өткеру мен тоқтатудың ерекше тәртібі, сондай-ақ, арнайы біліктілік талаптары көзделген басқарушылық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдар. Ал «Б» корпусы – «А» корпусына енгізілмеген мемлекеттік әкімшілік лауазымдар.

Қарап отырсақ, мемлекеттік қызметшілерге артылатын міндет те, сенім де өте жоғары. Олар мемлекеттің бет-бейнесі. Өз қызметін атқару барысында заңдылық, патриотизм, ашықтық, нәтижелілік, тиімділік, әдептілік, құқық бұзушылыққа төзбеушілік қағидатын берік ұстануы керек.

Мемлекеттік қызметшілердің шығармашылық, ағартушылық бағытты қоспағанда кәсіпкерлікпен айналысуына, сайланбалы органның өкілі болуына, лауазымдық міндеттерін жеке басына әрі асыра пайдалануына қатаң тыйым салынады. Осы шектеуді бұзған жағдайда заңға сәйкес жазаланады.

Жаңа Қазақстанды құру алдында мықты экономика, саяси және әлеуметтік жүйені қалыптастыру бойынша жаңа міндеттер тұр. Ол үшін қоғам сұранысына, заман талабына жауап беретін мемлекеттік қызметшілерді даярлау қажет. Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметті атқару кезінде жалпыға бірдей моральдық-әдептік нормаларды сақтап, қарапайым түрде мемлекеттік саясатты ұстануға және оны дәйекті түрде жүзеге асыруға, қоғамның мемлекеттік қызметке, мемлекет пен оның институттарына деген сенімін сақтауға және нығайтуға ұмтылуы тиіс.

Мемлекеттік қызметке кіру оңай болған күннің өзінде де мемлекеттік қызметті атқару өте қиын. Сондықтан да мемлекеттік қызметті абыроймен өткеру, мемлекеттік қызметші болу үлкен мәртебе.

Абылай САТАНОВ,
Қызылорда облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының жетекші маманы

ТАРАТУ

2. «AR Agency» ЖШС, БСН 170940023518 (Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 7 үй, 203 п., индекс 050059.), «AR Agency» ЖШС-нің жалғыз қатысушысы (18.05.2022 жылғы шешімі), «AR Agency» ЖШС-ын тарату туралы шешім қабылдағанын хабарлайды. Кредиторлардың талаптары осы хабарлама жарияланғаннан кейін екі ай ішінде келесі мекенжай бойынша қойылуы мүмкін: Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, Әл-Фараби даңғылы, 7 үй, 203 п., индекс 050059.Тел.87770222730.

3. «Еуразия» Коллекторлық бюросы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің, БСН 110840019963, жойылғандығы туралы хабарлайды. Кредиторлар өз талаптарын Қазақстан Республикасы,

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі,61,кеңсе 23.

Марғұлан ШЫНЫБАЕВ, заңгер:

«ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ – ОҢ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ БАСЫ»



– 5 маусымға белгіленген республикалық референдумға қатысты заңгер ретінде қандай пікір білдірер едіңіз?

– Кез келген елдің азаматы секілді біздің елдің азаматтарына да Конституциясы қадірлі. Ол заңдардың атасы, адам құқықтары мен бостандықтарының кепілі. Бұл біздің жүріп тұру, өмір сүру құқығымызға кепілдік беретін құжат. Сондықтан әрбір азамат Ата Заңының мінсіз, талассыз әділетті болғанын қалайды. Алдағы өткелі жатқан референдум осы Конституциямызды нығайту, әділетті, азаматтық қоғам орнатудың жолындағы ізденістер. Жалпы, референдум дегеніміз не? Ол мемлекеттің, басқарушы және атқарушы биліктің халықпен санасуы, халықтан «мына заңға мына өзгерістерді қосқанымыз дұрыс па, бұрыс па? Мына бапты былай өзгертуіміз азаматтардың құқығын қорғауды одан әрі нығайта ма, мына сөзді алып тастасақ қарапайым халыққа тиімді ме?» – деп сұрауы, олармен бірлесе отырып, заңдардың пәрменін арттыру мақсатындағы игілікті қадамдар. Билік халықтан пікірін сұрап отыр, белсенді болуға, жарқын болашақ үшін әділетті қоғам орнатуға атсалысуға шақырып отыр. Сондықтан мен де әрбір отандасыма бұл мәселеде белсенді болуға, референдумға бірауыздан қатысуға «иә, мына баптағы мына өзгеріске келісемін» немесе «жоқ, келіспеймін» деп өз дауысын өзі беруге шақырап едім.

– Конституцияға енгізілгені отырған өзгерістер көңіліңізден шыға ма? Қай баптарына ерекше тоқталар едіңіз?

– Бізге бұл мәселеге қатысты көп сауал келеді, көп сауал қойылып жатады. Қарапайым халық көбіне «референдумда не мәселе көтеріледі, қандай заңдар өзгереді, нендей мәселелер айтылады?» деп сұрап жатады. Оны тәптіштеп түсіндіру заңгер ретіндегі біздің парызымыз деп есептеймін. Конституциялық реформалардан соң елде үлкен өзгерістердің болатынынан көпшілік үмітті.

Енді қандай өзгерістер деген мәселеге келейік. Заңгер ретінде ең бірінші қолдайтын мәселем, Конституциялық Кеңестің орнына Конституциялық Сот құрылатыны. Бұл азаматтардың құқығының қорғалу сапасы сәл де болса артады деген сөз. Енді құқығым бұзылды, бармаған құзырлы органым қалмады, әділеттің түбіне жетпедім, қиянат көрдім деген кез келген азамат Конституциялық Сотқа шағым

түсіре алады. Азаматтардың өз құқығын даулауға мүмкіндік туды.

Келесі бір өзгеріс өлім жазасына қатысты. Енді өлім жазасы деген түсінік болмайды. Бұл жаза заңнан мүлдем алынып тасталады. Мұны ізгілендіру процесінің жалғасы дер едім.

Конституцияға енгізілетін өзгерістерден хабардар болып, ондағы түзетулердің мән-маңызына үңілу, қолдау – парыз. Ол үшін референдум жайлы елде нақты түсінік болуы қажет. Бүгін халықтың белсенділігі артып, осы өзгерістің әрбір бөлігіне өз үнін қоспаса, ертең күпінгеннен еш пайда жоқ. Билік ел сөзіне құлақ асуға ниетті. Ендеше, халық көңіліне қонбайтын тұсын ашық айтуға тиіс. Себебі, бұл келер ұрпақтың алдындағы міндет. Заңдық, құқықтық мемлекеттің іргетасы осындай өзгерістермен қаланады.

– ҚР Конституциясындағы 98 баптың 33-іне өзгеріс енгізілмек. Бірден 33 бапқа өзгеріс енгізгеннен гөрі құжатты қайта жазып шығу дұрыс болар еді деген пікірлер де бар. Бұл мәселеге қатысты сіздің көзқарасыңыз қалай?

– Мәселе Конституцияны толықтай жазуда емес. Ондағы ел үшін маңызды бөлімдердің қабылдануында. Бұл уақыт тезімен енгізілгені жатқан өзгерістер. Халық үшін тарихи кезең. 33 өзгеріс те жоғарыда айтылғандай ел асыға күткен жаңалық. Басқару тетігі халықтың тұрмыс-салтын, саяси көзқарасы мен азаматтық ұстанымын ескере бастады. Бұл демократиялық, зайырлы қоғамға ұмтылудың озық үлгісі. Мәселен, Конституцияға енгелі отырған өзгеріс бойынша, бұдан былай, Конституциялық Кеңес, Конституциялық Сот, Есеп комитеті, өзге де үкімет мүшелері енді қандай да бір партияға мүше бола алмайды. Партияға мүше билік өкілінің оның қызығушылығын, мүддесін қолдап кететінін алдыңғы тәжірибе көрсетті. Сондықтан бұл оңды өзгерістің басы дер едім.

Тұңғыш Президенттің шексіз сайлану құқығы алынып тасталды. Бұрындары Тұңғыш Президент шексіз мерзімге сайлана алса, енді ол жаңа Қазақстан жүйесінде мүлдем болмайды. Сондай-ақ, Президенттің жақын туыскандары саяси қызметте, квазимемлекеттік сектор басшысы бола алмайды.

Заңгер ретінде ең бірінші қолдайтын мәселем, конституциялық Кеңестің орнына Конституциялық Сот құрылатыны. Бұл азаматтардың құқығының қорғалу сапасы сәл де болса артады деген сөз. Енді құқығым бұзылды, бармаған құзырлы органым қалмады, әділеттің түбіне жетпедім, қиянат көрдім деген кез келген азамат Конституциялық Сотқа шағым түсіре алады. Азаматтардың өз құқығын даулауға мүмкіндік туды.

суперпрезиденттік жүйеден Президенттік, Парламенттік басқаруға көшпекшіміз.

Президент Конституциялық соттың үш судьясын өзі тағайындайды. Орталық сайлау комиссиясының екі мүшесін, Жоғарғы аудит палатасының үш мүшесін өзі тағайындайды. Бұл барлық мәселеден Президенттің хабардар болатынының, ешқандай заңбұзушылыққа жол берілмейтінінің дәлелі.

Бұндай саяси реформалар ел өміріне айтарлықтай өзгеріс енгізеді. Ашықтық пен қолжетімділік принципі жүзеге асады. Осынау тарихи сәтті сондықтан кез келген қазақстандық жіберіп алмауға тиіс. Енді елде азаматтар мүддесіне жұмыс істейтін Парламент пен мәслихаттардың рөлдері күшейеді. Ол осы Конституциялық реформадан бастау алмақ. Саяси жаңғыру болған жерде заңдардың сапасы жақсарады, халықтың құқықтық сауаты артады.

– Ашық әңгімеңізге рақмет.

Сұхбаттасқан
Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

Жуырда Алматы қаласында Медеу аудандық Ардагерлер кеңесі «ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумды қолдау» жайындағы міндеттерін талқылап кеңейтілген отырыс өткізді.



ОРТАҚ ІСТЕН ШЕТ ҚАЛМАЙМЫЗ

Шараға аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бақтияр Камалов, Абай атындағы ҚазҰПУ-дің бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Б.Әлмұхамбетов, ардагерлер қозғалысының белсендісі Р.Күнирова, Алматы қалалық мәслихатының депутаты Қ.Жампиісов қатысты. Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Бахтияр Камалов өз баяндамасында ҚР Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі референдумды қолдау керектігін және Медеу аудандық Ардагерлер кеңесінің міндеттері жайына тоқталып өтті.

Б.Әлмұхамбетов еліміздің әділеттілік аумағына айналуын қалаған әр азаматтың референдумға бару қажеттігін айта келіп:

– Мен ұлтыммен мақтанамын, заң жарғылары қабылданып, істі бірауыздан шешсек, ұлы елге айнала-

мыз. Ата Заңға қолдау көрсету керек, Конституциялық реформаға бағдар алған бетбұрыс кезеңі басталды, – деді.

Ал, Қ.Жампиісов болса, «жаңа Қазақстанды құрамыз десек, елге жанашыр қоғамдық-саяси күштердің бәрі жұмылуы керек. Халық өз таңдауын жасайтын кезең туды. Саяси өріске жол ашылды. Сондықтан, жұртшылықтың референдумға бір кісідей қатысқаны жөн», дегенді тілге тиек етті.

Сонымен, төралқаның кеңейтілген отырысына қатысушылар, Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың ел Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасына байланысты республикалық референдум өткізу туралы бастамасын бірауыздан қолдады.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ӘЙЕЛГЕ ҚОЛ КӨТЕРУ – ЕРГЕ СЫН

Біз зайырлы мемлекетпіз. Елімізде ерлер мен әйелдердің құқықтары тең. Әйтсе де, бүгінде әйелдерге қарсы зорлық-зомбылық тақырыбы ең өзекті мәселеге айналуда. Ендеше, отбасының берекесі неге сөгілді? Жауапкершілік жүгін көтере алмаған ер азамат кінәлі ме, әлде әйел ағаттық жіберді ме?

Өкінішке қарай, қазір жокқа жұтамайын десе жеткізе алмайтын, қиындыққа қажымайын десе оған қауқарсыз, көнбейін десе кетер жері жоқ, жарияға жар салайын десе елден ұят деп тұрмыстық зорлыққа шыдап жүрген әйелдердің саны артты.

Отбасында әйелдің орны ерекше. «Бір үйді он еркек толтыра алмайды, бір әйел толтырады» деген сөз бар қазақта. Иә, қай заманда да қырық жанды қазақ қызы – мықты. Үйдің шаруасына, қызметіне де үлгеріп жүрген солар. Алайда отбасында ерінен қолдау сезінбесе, жарының махаббатына бөленіп, қамқорлығын көрмесе әйел әлсірей береді. Жар, келін, ана ретіндегі рухы түсіп, жан дүниесі ашу-ызаға, өкпе мен ренішке толады. Жылдар бойы жиналған реніш бір күні үлкен отбасылық жанжалға айналады. Себебі, нәзік жан өзі үшін шыдаса да, балалары үшін зорлыққа көнбейді. Ер адам қайтеді, қой дейін десе, өзі қауқарсыз. Мұндай шарасыздықтың бәрі



дау-дамайға ұласып арты зорлық-зомбылыққа әкеледі.

Қандай жағдай болса да, тұрмыстық түйткілдерді ерлі-зайыпты өз жауапкершіліктеріне алғаны абзал. Ер де, әйел де өз міндеттерін сезініп, ауыртпашылықты бірге көтергенде ғана істері нәтижелі болады.

Абылайхан ТАСМАҒАНБЕТ,
Шиелі аудандық соты кеңсесінің бас маманы
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ